

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1596 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

31

желтоқсандасы

№

1596

қаулысана

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасында:

«Кіріспе» деген 2-бөлімде:
сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Мынадай»

- 1) кредиторы, Даму Банкін қоспағанда, мемлекеттік даму институттары болып табылатын;
- 2) Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде субсидияланатын қаржы институттары беретін;
- 3) экономиканың 01 «Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, аң аулау

және осы салаларда қызмет көрсету» секторындағы жобаларды іске асыруға бағытталған;

4) Тұрақтандыру және дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қоспағанда, басқа мемлекеттік бағдарламалар шенберінде субсидиялау және кредиттеу түріндегі мемлекеттік қолдау алушы (алған) кәсіпкерлердің кредиттері;

5) овердрафт түріндегі кредиттер/Қаржылық лизинг шарттары субсидиялауға жатпайды. »;

он алтыншы бөлік алынып тасталсын;
«Міндеттері» деген 4.3-бөлімде:

«Бірінші бағыт: жаңа бизнес бастамаларды қолдауда»: төртінші, бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Мыналар:

1) акцизделетін тауарларды/өнімдерді шыгаруды жүзеге асыратын;

2) Даму Банкінің кредиттерін қоспағанда, тікелей кредиторы мемлекеттік даму институттары болып табылатын, сыйақы ставкасы бюджеттік қаражат есебінен арзандатылған кредиттер/лизинг алтын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген металлургия өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыратын кәсіпкерлер Бағдарламаның бірінші бағытының қатысуышылары бола алмайды.

Жобаларын экономикалық өсу орталықтарында және олардың әкімшілік бағыныстағы аумақтарында орналасқан елді мекендерде іске асыратын кәсіпкерлер Бағдарламаның бірінші бағытының қатысуышылары болып табылады.

Жоба ӨҮК-ке шығарылғанға дейін бір жыл ішінде Банктер/Даму Банкі/Лизингтік компаниялар берген қарыздарды/Қаржы лизингі шарттарын қайта қаржыландыруға бағытталған және Бағдарламаның бірінші бағытының өлшемдеріне сәйкес келетін кредиттер/лизингтік мәмілелер де субсидиялауға жатады. »;

«Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың кредиттері/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау

Сыйақы ставкасын субсидиялау шарттарында»:

екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің/Қаржы лизингі шартының сомасы бір кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспауы тиіс және онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті/Қаржы лизингі шарты бойынша берешегі есепке алынбай есептеледі.

750 млн. теңгеден 4,5 млрд. теңгеге дейінгі кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау қолданыстағыларға

қарағанда кемінде 10 % жаңа (тұрақты) жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырлады.

Бұл ретте, жаңадан құрылатын жұмыс орындарының 50 %-ын жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жастар үшін құру ұсынылады.

Кредиттер сомасы 1,5 млрд. теңгеден асатын жобалар бойынша индустрияландыру картасына енгізілген жобалар сыйақы ставкасын сұбсидиялау жатады.

«Кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша субсидиялау мерзімі 10 (он) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейін құрайды. Егер жоба бойынша бірнеше Субсидиялау шарты жасалатын жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі Қаржы агенті бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап

белгіленеді.

Кәсіпкердің ағымдағы міндеттемелерін қайта қаржыландыру кезіндегі субсидиялау мерзімі Қаржы агенті қайта қаржыландыру жүзеге асырылған Кредит беруші банкте/Лизингтік компанияда бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

3 (үш) жыл өткен соң Субсидиялау шартының қолданыс мерзімін ұзарту ӨҮК макұлдаған сәтте республикалық бюджеттен субсидиялауға арналған қаражат болған кезде ғана Банк/Даму Банкі/Лизингтік компания қолдаухатының негізінде ӨҮК шешімімен макұлданады.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын: «2013 жылғы 17 мамырға дейін ӨҮК макұлдаған, Субсидиялау шарттарына қол қойылмаған жобалар Бағдарламаның қолданыстағы шарттарына сәйкестігіне ӨҮК қарауына қайта шығарылуға жатады.

2013 жылғы 17 мамырға дейін ӨҮК макұлдаған, ашық кредиттік жүйелер шенберінде Транштар бойынша субсидиялау шарттарына қол қойылмаған жобалар бойынша субсидиялау шарттарына қол қою ӨҮК бұрын макұлдаған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

он бесінші, он алтыншы және он жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын валюталық кредиттер бойынша сомалар бір кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеге баламалы мөлшерден аспауы тиіс.

750 млн. теңгеден 4,5 млрд. теңгеге дейінгі кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау қолданыстағыларына қарағанда кемінде 10 % жаңа (тұрақты) жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырлады.

Бұл ретте, жаңадан құрылатын жұмыс орындарының 50 %-ын жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жастар үшін құру ұсынылады.

Кредиттер сомалары 1,5 млрд. теңгеден асатын жобалар бойынша индустрияландыру картасына енгізілген жобалар сыйақы ставкасын субсидиялау жатады.»;

«Кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау тетігінде»:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Өтінім беруші Банктін/Даму Банкінің/Лизингтік компанияның оң шешімімен осы жобаны ΘҮК қарауына шығаратын Жергілікті деңгейдегі бағдарламаны үйлестірушіге жүгінеді.

Бұл ретте, Жергілікті деңгейдегі бағдарламаны үйлестіруші кәсіпкерлердің құжаттарын қабылдайды және жобаларды ΘҮК қарауына субсидиялау үшін бөлінген қаражат шегінде ғана шығарады.»;

5-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1. ΘҮК шешімінің қолданылу мерзімі - қабылданған күнінен бастап 6 (алты) ай.»;

«Банктердін/Даму Банкінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру тетігінде»:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Шығарылған кепілдіктер бойынша төлеу мақсатында Жергілікті деңгейдегі бағдарламаны үйлестіруші кезекті жылдың басында Қаржы агентіне кредиттерге кепілдік беру үшін бөлінген мақсатты трансфертер сомасының 50 % - ын аударады.

Мақсатты трансфертердің қалған бөлігі Қаржы агентіне кепілдік беру шарттарының жасалуына қарай жылдың басында Қаржы агентіне аударылған қаражаттың бірінші жартысы толық игерілгеннен кейін аударылады.»;

мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

«13. Жергілікті деңгейдегі бағдарламаны үйлестіруші жобалар бойынша құжаттарды қабылдайды және осы жобаларды жасалатын кепілдік беру шарттары бойынша Қаржы агентіне төлеу үшін бөлінген бюджеттік қаражат шегінде ғана ΘҮК қарауына шығарады.»;

«Гранттық қаржыландыру:

Гранттар беру шарттарында»:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ісін жаңа бастаған жеке кәсіпкерлік субъектілеріне, жас кәсіпкерлерге, әйелдерге, мугедектерге және 50 жастан асқан адамдарға (бұдан әрі – кәсіпкерлер) нысаналы гранттар Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторлары шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз және қайтарамсыз негізде беріледі.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Грант қаражатын мемлекет нысаналы гранттар ұсыну үшін кәсіпкерлерді

іріктеу жөніндегі конкурстардың қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі - Үйлестіруші) арқылы ұсынады. Бұл ретте конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт кәсіпкерлердің (дара кәсіпкердің немесе занды тұлғаның құрылтайшысының (құрылтайшыларының) ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған «Бизнес-кеңесші»/«Бизнес-кеңесші-1» және «Жас кәсіпкер мектебі» жобасы бойынша қысқа мерзімді оқудан өтуі болып табылады.»;

алтыншы бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бизнес-идеялардың жаңашылдығы;»;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бизнес-жобаның міндетті шарттары кәсіпкердің іске асыру шығыстарын ұсынылатын Грант көлемінің кемінде 10 (он) %-ы мөлшерінде, оның ішінде жеке мүлкімен қоса қаржыландыруы болып табылады.»;

«Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету шарттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау
көрсету шарттары

ш а р т т а р ы

«Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізуден тұрады әрі шағын және орта бизнестің жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп тұрган өндірістерді жаңғырту мен кеңейтуге бағытталған жобалары үшін жекелеген жобалар үшін де және (оның ішінде бірнеше жобаны қамтамасыз ету үшін), сол сияқты индустриялық аймақтар мен бизнес-инкубаторларды ұйымдастыру шенберінде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамытуға бөлінетін бюджеттік қаражаттың кемінде 70 %-ы өнірлік даму жөніндегі уәкілетті орган индустриялық аймақтарда дамытудың бизнес-жоспарларын қарап, бекіткеннен кейін индустриялық аймақтарды ұйымдастыруға бағытталатын болады.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторлары үшін жүзеге асырылады.

Бөлінген қаражат мынадай инфрақұрылымды: жолдарды, су бұруды, газдандастыруды, су таратқыштарды, бу құбырларын, жылумен жабдықтауды, өнеркәсіптік алаңдарға арналған қазандықтарды, су құбырларын, теміржол түйіктарын, телефондандастыруды, кіші электр станцияларын, электр тарату желілерін, ұнғымаларды, септиктерді, бу-газ қондырғыларын, баламалы энергия көздерін салуға және реконструкциялауға бағытталады.

Жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізу кәсіпкер объектісі аумағының шекарасына дейін жүзеге асырылады, бұл ретте кәсіпкер объектісі аумағының ішінде инфрақұрылымды жеткізуге қаражат бөлу көзделмейді.

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамытуға қаражат бөлу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Инфрақұрылымды салу (реконструкциялау) құны жеке жоба үшін инфрақұрылымды жеткізген жағдайда жоба құнының 50 %-ынан аспауы тиіс.

Жеке жобалар үшін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту м ы н а д а й :

- 1) жобаны облысты дамытудың басымдықтары шенберінде іске асырган;
- 2) жоба елді мекенді дамытудың бас жоспарына сәйкес келген;
- 3) жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздеме және/немесе жобалық-сметалық құжаттама болған;
- 4) жаңа өндірістер құру жағдайында жоба құнының кемінде 20 %-ы көлемінде құрылыш-монтаждау жұмыстары орындалған;
- 5) жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылған жағдайларда жүзеге асырылады.

» ;

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:
«Индустріялық аймақтарды дамыту.

Индустріялық аймақтың аумағында өндірістік мақсаттағы объектілер (өндірістік, қойма және әкімшілік үй-жайлар) орналастырылады.

Индустріялық аймақтарды құрудың негізгі міндеттері:

- 1) өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерліктің дамуын жеделдетуге ж ə р д е м д е с у ;
- 2) жаңа өндірістер инфрақұрылымын құру мен дамытуға жұмсалатын ш ы ғ ы н д а р д ы оңтайландыру;
- 3) өндіріс тиімділігін ұлғайту;
- 4) халықты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

И н д у с т р и я л ы қ а й м а қ т а р :

1) өндіріске арналған ғимараттар мен құрылыштарды салуға арналған жер у ч а с к е л е р і ;

2) кәсіпкерге жалға беру немесе сату үшін дайын өндірістік үй-жайлар, оның ішінде тоқтап тұрған, консервацияланған немесе жұмыс істемейтін өндірістердің өндірістік и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы ;

3) құрылышқа арналған жер участкелері, сол сияқты өндірістік үй-жайлары да бар кешенді индустріялық аймақтар түрінде құрылады.

Индустріялық аймақтарға инфрақұрылымды жеткізу аумақтың шекарасына дейін республикалық бюджет қаражаты есебінен, индустріялық аймақтың ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте индустріялық аймақтың сыртқы және ішкі инфрақұрылымына бірыңғай техникалық-экономикалық негіздеме және жобалау-сметалық құжаттама ә з і р л е н е д і .

Индустриялық аймақтардың аумағында индустриялық аймақтардың жалпы көлемінің 20 %-ынан аспайтын аумақты алғып жатқан ірі кәсіпкерлік объектілері де орналасады.

Индустриялық аймақтарды құру жөніндегі шараларды қаржыландыру өнірлік саясат басымдықтарын ескере отырып, өнірлік даму жөніндегі уәкілетті орган индустриялық аймақтарды дамыту бизнес-жоспарларын қарағаннан кейін конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурсқа ұсынылған өтінімдер бойынша шешімді Уәкілетті орган өтінімдер берілген күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады.»;

«Екінші бағыт: кәсіпкерлік секторды сауықтыруда»

«Екінші бағытты іске асыру тетігінде»:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің (кредиттердің) қаражаты экономиканың басым секторларындағы қызметке жіберілген жағдайда, Банкпен/Даму Банкімен немесе Кредиторлар комитетімен келісілген жоспар және кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің салалық қорытындысы бар болса, Жұмыс тобы борышкердің Банктердің/Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау жөніндегі сауықтыру бағдарламасына қатысуын тиісті хаттамамен мақұлдайды.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Жұмыс тобы мақұлдаған жобалар бойынша Банк/Даму Банкі, қатысушы және Қаржы агенті арасында Субсидиялау шарты жасалады, оның шенберінде Қаржы агенті мен Бағдарламаға қатысушы Банкке/Даму Банкіне сыйақы ставкасының тиісті бөліктерін төлейді.»;

«Үшінші бағыт: Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендетуде»:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мыналар:

1) акцизделетін тауарларды/өнімді шығаруды жүзеге асыратын;

2) Даму Банкінің кредиттерін қоспағанда, тікелей кредиторы мемлекеттік даму институттары болып табылатын, сондай-ақ сыйақы ставкасы бюджеттік қаражат есебінен арзандатылған кредиттер/лизинг алатын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген металлургия өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыратын кәсіпкерлер;

4) өз қызметін тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асыратын;

5) құрылтайшылары ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік

корпорацияны қоспағанда) тікелей немесе жанама тиесілі кәсіпкерлер, сондай-ақ меншік нысаны жеке меншік мекеме ретінде ресімделген занды тұлғалар Бағдарламаның үшінші бағытының қатысуышылары бола алмайды.»;

«Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың кредиттері/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау шарттарында»:

бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылыс н:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын Кредиттің/Қаржы лизингі шартының сомасы бір кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспауы тиіс және онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың Кредиті/Қаржы лизингінің шарты бойынша берешегі есепке алынбай есептеледі.

750 млн. теңгеден 4,5 млрд. теңгеге дейінгі кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау қолданыстағыларына қарағанда кемінде 10 % жаңа (тұрақты) жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жаңадан құрылатын жұмыс орындарының 50 %-ын жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жастар үшін құрылуы ұсынылады.

Кредиттер сомалары 1,5 млрд. теңгеден асатын жобалар бойынша индустріяландыру картасына енгізілген жобалар сыйақы ставкасын сұбсидиялауға жатады.

«Кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша субсидиялау мерзімі 10 (он) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейін құрайды. Егер бір жоба бойынша бірнеше Субсидиялау шарты жасалатын жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі Қаржы агенті бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

Кәсіпкердің ағымдағы міндеттемелерін қайта қаржыландыру кезіндегі субсидиялау мерзімі Қаржы агенті қайта қаржыландыру жүзеге асырылған Кредит беруші банкте/Лизингтік компанияда бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

3 (үш) жыл өткен соң Субсидиялау шартының қолданыс мерзімін ұзарту ӨҮК мақұлдаған сәтте республикалық бюджеттен субсидиялауға арналған қаражат болған кезде ғана Банк/Даму Банкі/Лизингтік компания қолдаухатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады.»;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын: «2013 жылғы 17 мамырға дейін ӨҮК мақұлдаған, Субсидиялау шарттарына қол қойылмаған жобалар Бағдарламаның қолданыстағы шарттарына сәйкестігіне ӨҮК қарауына қайта шығарылуға жатады.

2013 жылғы 17 мамырға дейін ӨҮК мақұлдаған, ашық кредиттік жүйелер шеңберінде Транштар бойынша субсидиялау шарттарына қол қойылмаған

жобалар бойынша субсидиялау шарттарына қол қою ӨҮК бұрын мақұлдаған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

«Үшінші бағытты іске асыру тетігінде»:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жергілікті деңгейдегі Бағдарламаны Үйлестіруші субсидиялауға өтініш берген кәсіпкерлердің тізімін ӨҮК қарауына шығарады.

Бұл ретте жергілікті деңгейдегі Бағдарламаны Үйлестіруші кәсіпкерлердің құжаттарын қабылдайды және жобаларды ӨҮК қарауына субсидиялау үшін бөлінген қаражат шегіндеғана шығарады.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі - ӨҮК шешімі күнінен бастап 6 (алты) ай . » ;

«Төртінші бағыт: Кәсіпкерлік әлеуетін күшетуде»:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шағын және орта бизнеске мемлекеттік қаржылық емес қолдау көрсету:

1) кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын қалыптастырудан;

2) «Бизнес-Кеңесші-І» жобасының шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан;

3) кәсіпкерлерді «Бизнес-Кеңесші-ІІ» жобасы бойынша оқытудан;

4) кәсіпкерлерді жекешелендіруге катысуға дайындаудан;

5) жұмыс істеп тұрған бизнесі жүргізуі сервистік қолдаудан;

6) шағын және орта бизнесің озық кәсіпорындарын консультациялық жобаларды (бұдан әрі - BAS бағдарламасы) іске асыруда қолдаудан;

7) шағын және орта бизнесің топ-менеджментін оқытудан;

8) бизнес-инкубаторлар құрудан;

9) шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар (бұдан әрі - «Іскерлік байланыстар» жобасы) орнатуды қолдаудан;

10) жастар кәсіпкерлігін дамытудан тұрады.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бизнес-инкубаторларды, жұмыс істеп тұрған бизнесі жүргізуі сервистік қолдауды және BAS бағдарламасын қоспағанда, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы осы бағыт бойынша Бағдарламаның операторы (бұдан әрі - Оператор) болып табылады.»;

төртінші бөліктен кейін мынадай мазмұндағы «Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын қалыптастыру», «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын құру және оның жұмыс істеуі», «КҚКО көрсетілетін қызметтерін ұсыну тетігі», «Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру және оның жұмыс істеуі», «КҚО көрсетілетін қызметтерін ұсыну тетігі», «МобиЛЬДІ кәсіпкерлерді қолдау орталықтарын құру және оның жұмыс істеуі», «МКҚО қызметтерін ұсыну тетігі»

, «Бизнес-инкубаторларды құру» деген кіші бөлімдермен толықтырылсын:

«Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын қалыптастыру кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа «бір терезе» қағидаты бойынша қызметтер кешенін

көрсетуді

көздейді.

Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын қалыптастыру шенберінде:

1) облыс орталықтарында және Астана, Алматы, Семей қалаларында кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары;

2) моногалалар, шағын қалалар мен аудан орталықтарында кәсіпкерлік қолдау орталықтары;

3) ауылдар (селолар) және кенттер деңгейінде мобиЛЬДІ кәсіпкерлік қолдау орталықтары;

4) Бизнес-инкубаторлар құрылады.

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын (бұдан әрі – КҚКО) құру және оның жұмыс істеуі.

КҚКО – бұл кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа «бір терезе» қағидаты бойынша бизнесті жүргізуіндің ақпараттық-консультациялық, оқыту, түсіндіру және практикалық қолдау қызметтерін көрсету үшін Оператордың өнірлік филиалдарының жаңында құрылған инфрақұрылымдық кешен.

КҚКО құры максаттары:

1) бизнестің мемлекеттік қолдау құралдарын насихаттау;

2) кәсіпорындарда корпоративтік басқару деңгейін арттыру;

3) бизнесті ашу және жүргізу бойынша консультациялық және практикалық көмек көрсету;

4) кәсіпкерлік мәселелері бойынша түсіндіру және ақпараттық көрсетілетін қызметтерді үсін.

КҚКО қызметтері қолданыстағы және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа ұсынылады.

КҚКО функциялары:

1) «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер кешенін ұсыну;

2) бизнесті қолдаудың мемлекеттік қаржылық және қаржылық емес құралдары бойынша тегін консультация беру және түсіндіру;

3) қолданыстағы бизнесті жүргізуінді мамандандырылған сервистік қызметтерін көрсету шенберінде практикалық қолдауды ұсыну;

4) «Бизнес-Кеңесші-І», «Бизнес-Кеңесші-ІІ», «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары шенберінде оқыту.

КҚКО жұмыс істеуіне жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру Оператордың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

КҚКО қызметтерін ұсыну тетігі

1. Бизнесті мемлекеттік қолдау құралдары бойынша ақпараттық-консультациялық және түсіндіру қызметтерін «бір терезе» қафидаты бойынша Оператор, өзге даму институттары және әріптестік ұйымдар ұсынады.

КҚКО операциялық залында консультанттарды орналастыруға Оператор даму институттарымен өзара ынтымақтастық туралы келісім жасасады.

2. Қолданыстағы бизнесті жүргізудің мамандандырылған сервистік қызметтерін көрсету бойынша практикалық қолдау сервистік қолдау көрсету тетігінің негізінде ұсынылады.

3. «Бизнес-Кеңесші-I», «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту «Бизнес-Кеңесші-I», «Жас кәсіпкер мектебі» оқыту жобаларын іске асыру тетіктерімен айқындалады.

4. Қолданыстағы бизнестің жүргізу мен дамытудың функционалдық бағыттарының ерекшелігіне оқыту «Бизнес-Кеңесші-II» жобасын іске асыру тетігімен айқындалады.

5. КҚКО базасында Оператор өзге оқыту бағдарламаларын, тренингтерді, мастер-кластар жүргізеді, сондай-ақ дөңгелек үстелдер мен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған басқа іс-шараларды ұйымдастырады.

Кәсіпкерлік қолдау орталықтарын (бұдан әрі – КҚО) құру және оның жұмыс істеуі

КҚО – бұл кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар халықта «бір терезе» қафидаты бойынша бизнесті мемлекеттік қолдау құралдары бойынша ақпараттық-консультациялық және түсіндіру жұмысын, сондай-ақ қолданыстағы қызметкерлерге бизнесті жүргізуге практикалық қолдау көрсетуге арналған стационарлық орталықтар.

КҚО құру мақсаттары:

- 1) бизнесті мемлекеттік қолдау құралдарын насиҳаттау;
- 2) бизнес бастамалары бар халықты жаңа кәсіпорындар құруға ынталандыру;
- 3) қолданыстағы бизнестің тұрақты дамытуға жәрдемдесу.

КҚО қызметтері қолданыстағы және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ кәсіпкерлік бастамасы бар халықта көрсетіледі.

КҚО функциялары:

- 1) кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік бастамасы бар халықты бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы ақпараттандыру;
- 2) бизнесті ашу және жүргізу бойынша консультациялық және түсіндіру қызметтерін ұсыну;
- 3) қаржылық институттармен жұмыс шарттарын түсіндіру;
- 4) Оператордың оқыту бағдарламаларына қатысуға өтінімдер жинау;
- 5) қолданыстағы бизнесті жүргізудің мамандандырылған сервистік қызметтерін көрсетуге өтінімдер жинау.

КҚО Халыққа қызмет көрсету орталықтарының операциялық залдарында ақысызы негізде орналастырылатын болады.

КҚО құру және оның жұмыс істеуіне жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджет қаражат есебінен жүзеге асырылатын б о л а д ы .

КҚО қызметтерін ұсыну тетігі

1. Оператор және Жұмыс органды моноқалаларда КҚО жұмыс істеуіне, сондай-ақ шағын қалаларда және аудан орталықтарында КҚО құруға және олардың жұмыс істеуіне арналған шығыстарды қаржыландыру туралы шарттар жасада.

2. Оператор Жұмыс органдымен Шарттың шеңберінде:

1) КҚО-ға консультанттар ұсынуды;

2) КҚО консультанттарын тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді.

3. Қолданыстағы бизнесті жүргізудің мамандандырылған сервистік қызметтерін көрсету бойынша практикалық қолдау сервистік қолдау көрсету тетігінің негізінде ұсынылады.

МобиЛЬДІ кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын (бұдан әрі – МҚҚО) құру және оның жұмыс істеуі .

МҚҚО – бұл кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа ауылдарда және кенттерде «бір терезе» қағидаты бойынша бизнесті мемлекеттік қолдау құралдары бойынша ақпараттық-консультациялық және түсіндіру жұмыстарын ұсынуға бағытталған, жол жүретін арнайы жабдықталған автобустар .

МҚҚО құру мақсаттары :

1) бизнесті мемлекеттік қолдау құралдарын ауылдарда және кенттерде насиҳаттау ;

2) бизнес бастамасы бар халықты ауылдарда және кенттерде жаңа кәсіпорындар құруға ынталандыру ;

3) ауылдарда және кенттерде қолданыстағы бизнесті тұрақты дамытуға жәрдемдесу .

МҚҚО қызметтері қолданыстағы және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа тегін көрсетіледі.

МҚҚО функциялары :

1) кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік бастамасы бар халықты бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы ақпараттандыру;

2) бизнесті ашу және жүргізу бойынша консультациялық және түсіндіру қызметтерін ұсыну ;

3) қаржылық институттармен жұмыс шарттарын түсіндіру;

4) Оператордың оқыту бағдарламаларына қатысуға өтінімдер жинау;
5) сервистік қолдау көрсете тетігінің шеңберінде қолданыстағы бизнесті жүргізудің сервистік мамандандырылған қызметтерін көрсете бойынша практикалық қолдау көрсете.

МКҚО құруға және оның жұмыс істеуіне жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру Оператордың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

МКҚО қызметтерін үсіну тетігі

1. Оператордың МКҚО жол жүретін консультацияларды көрсете үшін сәуірден бастап қазанды қоса алғанда, жеті ай ішінде ауылдар және кенттер бойынша жүріп тұрақтады.

2. Оператор жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ауылдар және кенттер бойынша МКҚО жол жүру кестесін жасайды.

3. Оператор МКҚО үшін консультанттарды үсінады.

4. Оператор МКҚО негізінде жол жүру және консультациялар үшін консультанттарды үсінуға өзге даму институттарымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасады.

5. Қолданыстағы бизнесті жүргізудің мамандандырылған сервистік қызметтерін көрсете бойынша практикалық қолдау сервистік қолдау көрсете тетігінің негізінде көрсетіледі.

6. Жергілікті атқарушы органдар ауылдарда және кенттерде МКҚО консультацияларының күні және уақыты туралы хабардар етеді.

7. Жергілікті атқарушы органдар консультациялар үсіну үшін ауылдарда және кенттерде үй-жайларды қосымша қамтамасыз етеді.

Бизнес-инкубаторлар құру

Бизнес-инкубатор – бұл шағын кәсіпорындарға ресурстар мен көрсетілетін қызметтер кешенін үсіну жолымен олардың қалыптасуы мен табысты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған қолдау қуралы болып табылады.

Бизнес-инкубаторларды құру мақсаттары:

1) шағын кәсіпорындардың қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық белсенділігін арттыруға жәредемесу;

3) шағын кәсіпорындар санын көбейту, олардың тіршілік ету қабілетін арттыру.

Бизнес-инкубаторлардың функциялары:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілерін конкурстық негізде тарту;

2) бизнес-инкубаторда орналастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу және олармен өзара тиімді ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу;

3) ісін жаңа бастаған шағын кәсіпорындарды консалтингтік сұйемелдеуді жүзеге асыру;

4) қаржылық құрылымдармен және халықаралық ұйымдармен, оның ішінде жобаларды тәуекелді қаржыландыру институттарымен өзара іс-қимыл жасау арқылы әлеуетті инвесторларды іздеу;

5) ақпараттық және сарапшылық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

6) табысты компаниялардағы тағылымдаманы, түрлі тақырыптар бойынша тренингтерді, тәжірибе алмасу мақсатындағы форумдарды қоса алғанда, оқыту семинарларын үйымдастыру;

7) шағын кәсіпорындар үшін мамандарды іздеуге және жалдауға жәрдемдесу;

8) шағын кәсіпорындардың бизнес-инкубаторда дамуы туралы ақпараттық-талдамалық деректер қорын қалыптастыру.

Бизнес-инкубаторлар әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация немесе жергілікті атқарушы органдар немесе кәсіпорындар ұсынған алаңдар базасында құрылады. Бизнес-инкубаторда үй-жайды/алаңды жалдау мерзімі әрбір кәсіпкерлік субъектісі үшін үш жылдан аспайды.

Бизнес-инкубаторлар үшін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды жеткізу жөніндегі шараларды қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

бесінші бөліктің бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Бизнес-Кеңесші-I» жобасы Оператордың мынаны: кәсіпкерлік бастамасы бар халықты және кәсіпкерлерді кәсіпкерлік негіздеріне қысқа мерзімді оқытууды қамтитын стандартталған көрсетілетін қызметтер пакетін ұсынуын көздейді»;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Құжаттардың стандартты пакеттері «Бизнес-кеңесші-I» жобасының шенберінде оқыту барысында, сол сияқты жеке сұрау салу негізінде қағаз және/ немесе электрондық тасығыштарда ұсынылатын болады.»;

«Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау (старт-ап жобалары) шарттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Бизнес-Кеңесші-I» жобасын іске асыру шарттары

Жоба кәсіпкерлік бастамасы бар халықты және кәсіпкерлерді кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға бағытталған.

«Бизнес-Кеңесші»/«Бизнес-Кеңесші-I» жобалары бойынша оқытуудан өткені туралы сертификаттың болуы Бағдарламаның бірінші бағытының шенберінде гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу және/немесе Банктер/Даму банкі кредиттері бойынша кепілдіктер алуға үміткер болу құқығын береді.

«Бизнес-Кеңесші-I» және «Бизнес-Кеңесші-II» жобасын қаржыландыру

респубикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

«Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау (старт-ап жобалары) тетігі»
мына дай редакцияда жазылсын:

«Бизнес-Кеңесші-I» жобасын іске асыру тетігі

1. Оператор жергілікті атқарушы органдарды, кәсіпкерлік бастамасы бар халықты және кәсіпкерлерді ұсынылатын қызметтердің тізбесі туралы хабардар етеді.

2. Оператор жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, оку курстарының кестесін, қатысуышылардың құрамын қалыптастырады және өтінім берушіге қызметтер көрсетілуін қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті деңгейдегі Бағдарламаны Үйлестіруші техникалық талаптар бойынша оку өткізуге жарамды қажетті үй-жайларды тұрақты негізде беретін болады.

3-1. Оқыту Оператордың КҚКО базасында да жүргізілетін болады;
3-2. Оқытуды өткізу үшін аудан орталықтарына шығу МҚҚО арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Жергілікті деңгейдегі Бағдарламаны Үйлестіруші Операторға жергілікті телеарналарда кәсіпкерлік бастамасы бар халықты және кәсіпкерлерді мемлекеттік және орыс тілдерінде «Бизнес-кеңесші-I» жобасы бойынша тегін курстар туралы хабардар ететін «Бизнес-кеңесші-I» жобасы бойынша бейнероликті және жергілікті телеарналарда жүгіртпе жолдағы хабарландыру түріндегі ақпаратты ақысыз негізде орналастыруға көмек көрсетеді.»;

«Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау (старт-ап жобалары) тетігінен» кейін мына дай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

«Бизнес-кеңесші-II» жобасы Оператордың мыналарды:

1) бизнесті жүргізу мен дамытудың функционалдық бағыттары бойынша (тізбеке сәйкес кәсіпкердің таңдауы бойынша) кәсіпкерлерді қысқа мерзімді оқытуды (біліктілігін арттыру);

2) кәсіпкерге қажетті оку материалдарын (оқытудың таңдалған бағыты бойынша) және стандартты құжаттар пакетін ұсынуды;

3) ақпараттық-талдамалық қолдау мен Оператордың бизнес-порталына кәсіпкерлердің еркін қолжетімділігін ұйымдастыруды;

4) экономиканың басым салаларындағы маркетингтік зерттеулер нәтижелерін ұсынуды қамтитын стандартталған көрсетілештің қызметтер пакетін ұсынуымен кәсіпкерлерді оқытуды көздейді.

Кәсіпкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында оларды оқыту бағыттарының тізбесін Оператор жыл сайын кәсіпкерлердің пікірлерін сұрау негізінде айқындауды.

Қысқа мерзімді оқыту процесінде кәсіпкерлерге таңдалған оқыту бағытына

байланысты оқу материалдары, кредит алуға арналған құжаттар үлгілерін, сала бойынша маркетингтік зерттеулердің есептерін қамтитын стандартты құжаттар пакеті

ұсынылады.

Оқу материалдары мен стандартты құжаттар пакеттері кәсіпкерлерге «Бизнес-кеңесші-II» жобасының шенберінде оқыту барысында қағаз және электрондық тасығыштарда ұсынылатын болады.

«Бизнес-Кеңесші-II» жобасын іске асыру шарттары Кәсіпкерлерге қолдау тегін көрсетілетін болады.

«Бизнес-кеңесші-II» жобасын іске асыру тетігі

1. Оператор жергілікті атқарушы органдарды, кәсіпкерлерді ұсынылатын қызметтердің тізбесі туралы хабардар етеді.

2. Оператор жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, оқу курстарының кестесін, қатысуышылардың құрамын қалыптастырады және Өтінім берушіге қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті деңгейдегі Бағдарламаны үйлестіруші техникалық талаптар бойынша оқу өткізуге жарамды қажетті үй-жайларды тұрақты негізде беретін болады.

4. Оқыту Оператордың КҚКО базасында да өткізілетін болады.

5. Оқытуды өткізу үшін аудан орталықтарына шығу МҚҚО арқылы жүзеге асырылатын болады.

Кәсіпкерлерді жекешелендіруге қатысуға дайындау жекешелендіруге қатысуға ниет білдірген кәсіпкерлерге мынадай мамандандырылған қызметтер түрлерін жеке негізде көрсетуді көздейді:

1) жекешелендірілуі болжанатын экономика салаларын және жеке кәсіпорындарды зерделеу түрінде талдамалық қолдау;

2) жекешелендірілетін объектілерді дамытудың бизнес іс-қимылдар жоспарлары мен іс-шаралар жоспарларын дайындау және іске асыру мәселелері бойынша консультацияр;

3) басқару тәжірибесін тапсыру үшін жекешелендірілетін қызмет салаларында бірлескен жоспарлар мен әріптестік бағдарламаларын өзірлеу мен іске асыруға жәрдемдесу;

4) КҚКО арқылы жекешелендіруге қатысатын кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне сәйкес оқыту бағдарламаларын жүргізу;

Кәсіпкерге аталған қызметтерден басқа жекешелендіруге қатысуға қажетті үлгі құжаттар пакеті беріледі;

Кәсіпкерлерді жекешелендіруге қатысуға дайындау шарттары

Мемлекеттік мұлік объектілерін жекешелендіруге қатысуға ниет білдірген жеке кәсіпкерлер субъектілеріне арнайы қызметтер көрсетіледі.

Жекелендіруге қатысуға дайындау бойынша арнайы қызметтер кәсіпкердің өз

Кәсіпкерлерді жекешелендіруге қатысуға дайындау тетігі

1. Оператор қызмет құны көрсетілген кәсіпкерлерді дайындау бойынша
қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

2. Оператор жергілікті атқарушы органдарды және кәсіпкерлерді
жекешелендіруге қатысуға дайындау бойынша ұсынылатын қызметтер туралы
х а б а р д а р е т е д і ;

3. Кәсіпкерлер жекешелендіруге қатысуға дайындау бойынша қызметтер
алуға арналған өтінім беру және қызметтер туралы ақпарат алу үшін КҚКО
ж ү г і н е д і ;

4. Оператор кәсіпкермен қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасады.

5. Оператор кәсіпкерге жасалған келісімнің шарттарына сәйкес қызмет
к ө р с е т е д і . » ;

«Жұмыс істейтін бизнесті жүргізуді сервистік қолдауда»:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс істейтін бизнесті жүргізуді сервистік қолдау оның тиімділігін
арттыру мақсатында кәсіпорынды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған және
бизнес-процестерді қолдау бойынша мамандандырылған мынадай арнайы
қызметтерді КҚКО-да, КҚО-да және МҚҚО-да ұсынуды қамтиды:»;

«Жұмыс істейтін бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету тетігінде»:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Оператор Жұмыс органы бекітетін, сервистік қолдау көрсету жөніндегі
бірыңғай есептілік нысандары мен әдістемелік нұсқаулықтарын әзірлейді,
оларды Бағдарлама үйлестіруші мен сервистік компаниялар басшылыққа алады
. » ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жергілікті деңгейдегі Бағдарламаны үйлестіруші сервистік қызметтерді «
жалғыз терезе» қағидаты бойынша КҚКО, шағын қалалар мен аудан
орталықтарындағы КҚО-ның базасында, сондай-ақ МҚҚО-ның құрамында
ұ с ы н у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і . » ;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Жергілікті деңгейдегі бағдарламаны үйлестіруші ай сайын есептік айдан
кейінгі айдың 10-на (онына) дейінгі мерзімде Операторға бекітілген есептілік
нысанына сәйкес есеп береді. » ;

«Бизнес-Насихат» құрамдауышында:

7-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

«Бизнес-Насихат» құрамдауышын іске асыру тетігінен» кейін мынадай
мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын:

«Жастар кәсіпкерлігін дамыту жастардың инновациялық және кәсіпкерлік

әлеуетін ашуға жәрдемдесуге, жас адамдарды кәсіпкерлік қызметке белсенді тартуға, жас кәсіпкерлердің құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған.»;

Жастар кәсіпкерлігін дамыту мынадай бағыттар бойынша іске асырылады:

1) ақпараттық қолдау;

2) білім беру-консультациялық қолдау.

Жастар кәсіпкерлігін ақпараттық қолдау жастар жобаларының көрмелерін ұйымдастыру және өткізу; ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге ашық дәрістер, мастер-кластар өткізу; «Даму» қорының жұмыс істеп тұрған бизнес-порталы негізінде жастар кәсіпкерлігіне арналған «Жас іскер» бөлімін іске қосу; сондай-ақ ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге жетекшілік етуге дайын бизнес-тәлімгерлерді тартуға арналған веб-алаң құру арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру-консультациялық қолдау кәсіпкерлік бастамасы бар жастарды және жас кәсіпкерлерді «Жас кәсіпкер мектебі» жобасының (бұдан әрі – «ЖКМ») немесе «Бизнес-Кеңесші-І» жобасының шеңберінде оқытудан, КҚКО-да және КҚО-да «жалғыз терезе» қағидаты бойынша кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық емес және қаржылық қолдаудың барлық құралдары бойынша толық консультация беруден тұрады.

Жастар кәсіпкерлігін дамыту шарттары

Жастар кәсіпкерлігін дамыту Қазақстан Республикасының 18-ден 29 жас аралығындағы азаматтарына мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді көздейді.

«ЖКМ» оқытудан өткені туралы сертификаттың болуы гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға және/немесе Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде Банктер/Даму Банкі кредиттері бойынша кепілдік алуға құқық береді.

Жастар кәсіпкерлігін дамыту тетігі

1. Оператор жергілікті атқарушы органдарды, кәсіпкерлік бастамасы бар жастарды және жас кәсіпкерлерді ұсынылатын қызметтердің тізбесі туралы хабардар етеді.

2. Ақпараттық қолдау «Бизнес-насихат» құрамдауышы тетігінің негізінде ұсынылады.

3. Жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қаржылық және қаржылық емес қолдаудың құралдары бойынша консультациялар КҚКО-ға және КҚО-ға ұсынылады.

4. «Жұмыс істейтін бизнесі жүргізуді сервистік қолдау» шеңберінде бизнес-процестер бойынша консультациялар Оператордың КҚКО-да және КҚО-да беріледі.

5. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту «Бизнес-Кеңесші-І» жобасын іске асыру тетігімен айқындалады.

6. «Жас кәсіпкер мектебінде» оқыту мынадай тетікпен айқындалады:

1) Оператор жергілікті атқаруышы органдарымен бірлесіп, жастарды, жас кәсіпкерлерді «ЖКМ» жобасы бойынша қабылдаудың басталуы туралы тікелей және/немесе өнірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді.

2) Өтініш беруші «ЖКМ» бойынша оқуға арналған өтінімді КҚО-ға береді.

3) Оператор оқу курстарының кестесін, қатысушылардың құрамын қалыптастырады және Өтінім берушіге қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

4) Оқыту Оператордың Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының базасында өткізілетін болады.

5) Оператор әлеуетті тәлімгерлерді және инвесторларды тарту үшін «ЖКМ» Жобасын тыңдаушылардың перспективалық бизнес-жоспарларының қысқаша сипаттамасын интернет-ресурстарда орналастырады.

«ЖКМ» тыңдаушыларын перспективалық бизнес-жоспарларын қаржыландыру Бағдарламаның қаржылық қуралдары тетіктерінің, іздеу және инвесторларды іріктеу негізінде жүзеге асырылады.

Егде жастағы адамдар арасында кәсіпкерлікті және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту Бағдарламаның кәсіпкерлікті қолдаудың қолданыстағы құралдарының тетіктері негізінде жүзеге асырылады.

көрсетілген Бағдарламаға 1-қосымшада:

«АгроОнеркәсіп кешені» деген кіші бөлімде:

реттік саны 02-жол алынып тасталсын;

«Өнеркәсіптің басқа да салалары» деген кіші белімде:

реттік саны 36-жол алынып тасталсын;

реттік саны 37-жол алынып тасталсын;

«Көлік және жинақтау» деген кіші бөлімде:

реттік саны 53-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«53. «Табиғи монополиялар саласына жататын қызметті қоспағанда, пошта және курьер қызметі»;

«Туризм» деген кіші бөлімде:

реттік саны 55-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«55.10 «Конак үйлердің қызмет көрсетуі»

55.20 «Демалыс күндеріне және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдеріне
тұрғын ҮЙ бару»

55.30 «Туристік лагерълер, демалыс және ойын-сауық саябақтары»; көрсетілген Бағдарламаға 2-қосымшада:

«Бағдарламаның өлшемдерінде:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Даму Банкін қоспағанда, Банктердің/Лизингтік компаниялардың кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау және ішінара кепілдендіру:

Мемлекеттік даму институттары берген, сондай-ақ бюджеттік қаражат

есебінен сыйақы ставкасы арзандатылған;
нысаналы мақсаттар акцизделетін тауарлар шығаруды көздейтін кредиттер/
лизингтік мәмілелер бойынша жүзеге асырылмайды.
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 . М ы н а л а р :

- 1) акцизделетін тауарларды/өнімді шығаруды жүзеге асыратын;
- 2) Даму Банкінің кредиттерін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредиторы болып табылатын;
- 3) жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген металлургия өнеркәсібінде іске асыратын;
- 4) өз қызметін тау-кен өндіру өнеркәсібінде жүзеге асыратын;
- 5) құрылтайшылары ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны қоспағанда) тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар болып табылатын кәсіпкерлер, сондай-ақ меншік нысаны жеке меншік мекеме ретінде ресімделген заңды тұлғалар;

6) кредиттері қонақ үйлер және қонақ үй кешендерін сатып алуға бағытталған кәсіпкерлер Бағдарламаға қатысушы бола алмайды.»;

2. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру жөніндегі кейір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 маусымдағы № 556 қаулысына:

көрсетілген қаулемен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бірінші бағыты шенберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері және өзге де мемлекеттік қолдау шаралары бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау ережесінде:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті орган Қаржы агентінің қызметтерін 004 «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шенберінде көрсетілетін оператор мен қаржы агентінің қызметінің төлемі» республикалық бюджеттік бағдарламасы қаражаты есебінен төлеиді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Субсидиялау нысанындағы қолдау шараларын қаржыландыру 013 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өнірлерге «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шенберінде жеке

кәсіпкерлікті қолдауға берілетін нысаналы трансфертер» республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»; «Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

М ы н а :

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі» мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі;»;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Жұмыс органдары «Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі.»;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:
8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . М ы на л а р :

1) акцизделетін тауарларды/өнімдерді шыгаруды жүзеге асыратын;

2) Даму Банкінің кредиттерін қоспағанда, тікелей кредиторы мемлекеттік даму институттары болып табылатын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген металлургия өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыратын кәсіпкерлердің;

4) бюджеттік қаражаттары есебінен сыйақы ставкалары арзандатылған;

5) өз қызметін тау кен өнеркәсібінде жүзеге асыратын кәсіпкерлердің кредиттері субсидиялауға жатпайды.

13 және 14-тармактар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Жана кредиттерге Банктердің, Даму Банкінің жаңа инвестициялық жобаларды, сондай-ақ экономиканың басым секторларында өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін жоба ӨҮК-ге шығарылғанға дейін жыл бойы берілген кредиттер де жатады.»;

Субсидиялауға қарыздарын/қаржылық лизинг шарттарын қайта қаржыландыруға бағытталған, Банктер/Даму Банкі/Лизингтік компаниялар бір жыл бойы жоба ӨҮК-ге шығарылғанға дейін бұрын берген және Бағдарламаның бірінші бағытының өлшемдеріне сәйкес келетін кредиттер/лизингтік мәмілелер де жатады.

«14. Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің/Қаржы лизингі шартының сомасы бір кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспауы тиіс және онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті/Қаржы лизингі шарты бойынша берешегі есепке алынбай есептеледі.

750 млн. теңгеден 4,5 млрд. теңгеге дейінгі кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау қолданыстағыларға қарағанда кемінде 10 % жаңа (турақты) жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жаңадан құрылатын жұмыс орындарының 50 %-ын жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жастар үшін құру ұсынылады.

Кредиттер сомасы 1,5 млрд. теңгеден асатын жобалар бойынша индустрияландыру картасына енгізілген жобалар сыйақы ставкасын субсидиялауға жатады.

Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын валюталық кредиттер бойынша сомалар бір Кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеге баламалы мөлшерден аспауды тиіс.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. «Кредиттер бойынша субсидиялау мерзімі 10 (он) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейін құрайды. Егер жоба бойынша бірнеше Субсидиялау шарты жасалатын жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі Қаржы агенті бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

Кәсіпкердің ағымдағы міндеттемелерін қайта қаржыландыру кезіндегі субсидиялау мерзімі Қаржы агенті қайта қаржыландыру жүзеге асырылған Кредит беруші банкте бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

3 (үш) жыл өткен соң Субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту ӨҮК макұлдаған сәтте республикалық бюджеттен субсидиялауға арналған қаражат болған кезде ғана Банк/Даму Банкі қолдаухатының негізінде ӨҮК шешімімен макұлданады. Хатқа Кәсіпкерді субсидиялау мерзімін ұзарту туралы Банктің/Даму Банкінің шешімі қоса беріледі.»;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4 - бөлімде:

24-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Оң шешімі бар кәсіпкер Жергілікті деңгейдегі бағдарлама үйлестірушісіне (Ынтымақтастық туралы келісімде көзделген нысан бойынша) кәсіпкердің өтініш-саул намасымен жүгінеді оған мынадай құжаттарды қоса береді:

1) кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік/заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көшірме);

2) егер қызмет түрі лицензияланатын болса, лицензиясы (кәсіпкердің мөрімен /қолымен расталған көшірме);

3) жарғы, құрылтай шарты (бір құрылтайшы болған жағдайда құрылтай шарты талап етілмейді). Акционерлік қоғам акциялар шығарылымының проспектісін және бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінен үзіндіні (тіркеушінің мөрімен/қолымен расталған) қосымша ұсынады;

4) салық органынан өтініш берілетін күнге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екені туралы анықтама;

5) банктін/Даму Банкінің Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда кәсіпкерге кредит беру немесе кредит бойынша сыйақы ставкасын төмендету мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хаты.»;

мынадай мазмұндағы 25-1-тармақпен толықтырылсын:

«25-1. ӨҮК жобаларды тиісті жылы субсидиялау үшін бюджеттік қаражат болған жағдайда ғана қарайды.»;

27-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Жергілікті деңгейде бағдарламаны Үйлестіруші ӨҮК мүшелері хаттамаға/хаттамадан үзіндіге қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке/Даму Банкіне және Қаржы агентіне ӨҮК хаттамасының/хаттамадан үзіндінің көшірмесін жібереді.

ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі - ӨҮК шешімінің күнінен бастап 6 (алты) ай . » ;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

30-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

« 2) Қаржы агенті :

үлгі жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

ерекше шарттары бар жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жасайды.

Егер Банк/Даму Банкі осы Ереженің 30-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде Субсидиялау шартын уақтылы жасамаған жағдайда, онда Банк/Даму Банкі Қаржы агенті мен Жергілікті деңгейде Бағдарламаны Үйлестірушінің кідірту себептерін түсіндіре отырып, реңми хат арқылы хабардар етеді .

Егер банктік қарыздың Келісім және/немесе Субсидиялау шарты келісімінің шарттары ӨҮК және /немесе Бағдарлама шарттарына сәйкес келмеген жағдайда Қаржы агенті Субсидиялау келісіміне қол қоймайды. Бұл ретте, Қаржы агенті Бағдарлама Үйлестірушісін, Банк/Даму банкін және кәсіпкерді хабардар етеді.

Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі ескертулерді жойған жағдайда, Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі Қаржы

агентінің ескертулермен келіспеген жағдайда, Бағдарламаны үйлестіруші жобаны Жұмыс органына келісуге жібереді.

Қарау нәтижелері бойынша жұмыс органы кәсіпкерді субсидиялау мүмкіндігі туралы шешімге келісім береді не субсидиялау туралы шешімнен бас тартады. Келісу нәтижелерін Қаржы агентіне тиісті хатпен жібереді (бұл ретте көшірmede Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестірушіні, Банкті/Даму Банкі мен кәсіпкер көрсетеді).

Субсидиялау шарты оған Қаржы агенті қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте субсидиялау мерзімінің басталуы Субсидиялау шартында қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойған күнге дейін 30 күнтізбелік күнге дейін белгіленуі

мұмкін.»;

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігін төлеу күнін Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі дербес айқындайды. Егер кредит бойынша сыйақыны есептеу Субсидиялау шартына Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі қол қойған күннен кейінгі күні басталған жағдайда, Субсидиялау кезеңіне Субсидиялау шартына Кәсіпкер, Банк /Даму Банкі қол қойған күн қосылмайды.

32. Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойғаннан кейін субсидияларды төлейді. Субсидиялар тиісті Жергілікті деңгейдегі бағдарлама үйлестірушісінен қаражат болған кезде төленеді.»;

34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Жергілікті деңгейдегі бағдарлама үйлестірушісі Сыйақы ставкаларын субсидиялау үшін көзделген қаражат түсken сәтten бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне тиісті қаржы жылында Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыруға бөлінген соманың 50 %-ы мөлшеріндегі қаражатты Қаржы агенті көрсеткен шотқа аударуды жүзеге асырады. Бұдан кейінгі төлемдер қаржы агентінің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

35. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты қаржы агенті Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа аударуды жүзеге асырады. Бұл ретте қаражатты аударғаннан кейін қаржы агенті Банкке/Даму Банкіне хабарлама жібереді. Хабарламада Банктің атауы, өнір, Кәсіпкердің атауы, субсидиялар сомасы және төлем жүргізілген кезең көрсетіледі.

Банк/Даму Банкі қаржы агентінің хабарламасы негізінде кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидиялау сомаларын қаржы агентінің ағымдағы шотынан есептен шығаруды жүзеге асырады. Банктің/Даму Банкінің шоттағы қаражаттан жалпы ағымдағы қалдықтарды есептен шығаруға құқығы жоқ.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Кәсіпкер берешекті өтегенге дейін Банк/Даму Банкі сыйақы ставкасының

субсидияланатын бөлігін өтеу үшін Қаржы агентінің ағымдағы шотынан ақшаны есепten шығаруды жүргізбейді және:

1) кәсіпкер Банк/Даму Банкі алдында кредит бойынша төлемді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша төлемді уақтылы

2) кәсіпкер Банк/Даму Банкі алдында төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді 3 (үш) ай қатарынан орынданмаған жағдайларда бұл туралы Каржы агентін ? (екі) жумыс күні ішінде хабардар етеді »;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Банк/Даму Банкі қолданыстағы Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерткен жағдайда, Банк/Даму Банкі тиісті хатпен Бағдарламаны үйлестірушіні хабардар етеді, ол 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қолданыстағы қаржыландыру шарттарына жасалған өзгерістер бойынша шешім қабылдайды және жасалған қаржыландыру шарттарының өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте хаттың көшірмесінде Қаржы агентін көрсетеді).

Бұл ретте, жасалған қаржыландыру шарттарының өзгерістері (келісуден бастарту) келісу хатында айқын көрсетілуі тиіс.»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6 - бөлімде:

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«47. ӨҮК өткізілетін отырыс шеңберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге а с ы р а д ы :

1) қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселенің арайды;

2) субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды

Бұл ретте, шешімде субсидиялауды тоқтатудың/қалпына келтірудің негіздемесі көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 47-1-тармақпен толықтырылсын:

«47-1. Кәсіпкер субсидиялауды тоқтата тұруға негіз болған себептерді ӨҮК отырысына дейін жойған жағдайда ӨҮК субсидиялауды қалпына келтіру туралы о н ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы . » ;

49-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49-1. Кәсіпкерді субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған кезде Қаржы агенті тиісті хатпен кәсіпкерге, Банкке/Даму Банкіне Субсидиялау шартын біржакты бұзу туралы хабарламаны жібереді, онда Субсидиялау шартын бұзу күні мен бұзу себебін көрсетеді.

Кәсіпкерлерді субсидиялауды тоқтату туралы ӨҮК шешімі бар кредиттерді субсидиялауды қалпына келтіруге тыйым салынады.»;

49-2, 49-3, 49-4-тармақтар алынып тасталсын;
53-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53-1. Кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау тоқтатылған, кәсіпкердің кредиті бойынша негізгі борышын мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысуарды салыстыру актісін қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Бұл ретте, Банк/Даму Банкі салыстыру актісінде субсидияларды нақты есептен шығару сомалары мен күндерін көрсетеді, ал қаржы агенті субсидияларды аудару сомалары мен күндерін көрсетеді.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлік секторды сауықтыру» екінші бағыты шенберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау ережесінде:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Субсидиялау нысанындағы қолдау шараларын қаржыландыру 003 «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік әлеуетті сауықтыру және күшету» республикалық бюджеттік бағдарламасы есебінен жүзеге асырылады.

9. Қаржы агентінің қызметтеріне Уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты есебінен төлейді.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

«Уәкілетті орган

«Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі мемлекеттік мекемесі;

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган

«Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі;

мына:

«Жұмыс органды

«Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлік Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі;»;

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс органды

«Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі;»;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды Қаржы агенті Банктегі /Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен жүзеге асырады. Бұл ретте қаражатты аударғаннан кейін Қаржы агенті Лизингтік компанияға/Банкке/Даму

Банкіне хабарлама жібереді. Хабарламада Лизингтік компанияның/Банктің атауы, өнір, кәсіпкердің атауы, субсидиялар сомасы және төлем жүзеге асырылатын
ке з е н

к о р с е т і л е д і .

Төлем агенті-Банк/Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің хабарламасы негізінде кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидиялау сомаларын Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан есептен шығаруды жүзеге асырады. Төлем агенті-Банктің/Банктің/Даму Банкінің шоттардағы қаражаттан жалпы ағымдағы қалдықтарды есептен шығаруға құқығы жоқ.»;

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«59. Кәсіпкер берешегін өтегенге дейін Банк/Даму Банкі сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу үшін Қаржы агентінің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығаруды жүргізбейді және:

1) кәсіпкер Банк/Даму Банкі алдында кредит бойынша төлемді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша төлемді уақтылы өт е м е г е н ;

2) кәсіпкер Банк/Даму Банкі алдында төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді 3 (үш) ай қатарынан орынданамаған жағдайларда бұл туралы Қаржы агентін 2 (екі) жұмыс күн ішінде хабардар етеді.»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6 - б ө л і м д е :

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 6 5 . Қ а р ж ы а г е н т і н і ң :

Борышкер Банктік қарыз шартына төлемдер кестесіне сәйкес Банк, Даму Банкі алдындағы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді 3 (үш) ай қ а т а р ы н а н орынданамаған ;

Бағдарламаға қатысуышының шоттарына тыйым салу және/немесе сотталқылаулары жүргізілген ;

КҚК/Кредитор Банк ұсынған деректер бойынша немесе мониторинг барысында Қаржы агенті белгілеген деректер бойынша, Жұмыс тобы сауықтыру жоспарын қайта қараудан бас тартқан жағдайда мынадай негізгі жоспарланған 3 (үш) к о р с е т к і ш :

1) шығарылатын өнімнің құнға шаққандағы көлемі;

2) жұмыс орындары санын ұлғайту;

3) бюджетке аударымдар бойынша сауықтыру жоспарын орынданамаған;

жобаның және/немесе Борышкердің Бағдарлама шарттарына және/немесе Жұмыс тобының шешіміне сәйкес келмеген жағдайлар белгіленген кезде Борышкерді субсидиялауды тоқтата тұруға құқығы бар.»;

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«67. Жұмыс органы Қаржы агентінен ақпаратты алғаннан кейін

субсидиялауды тоқтата тұру негізdemелері туралы мәліметтері бар хатты қарайды және субсидиялауды тоқтата тұру немесе қалпына келтіру туралы шешім қабылдайтын Жұмыс тобының қарауына қолдаухат жолдайды.»;

70-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«70-1. Борышкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау тоқтатылған, Борышкердің кредиті бойынша негізгі берешек мерзімінен бұрын ішінара/толық өтелген жағдайда Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысулады салыстыру актісін Қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Бұл ретте, Банк/Даму Банкі салыстыру актісінде субсидияларды нақты есептен шығару сомалары мен күндерін көрсетеді, ал Қаржы агенті субсидияларды аудару сомалары мен күндерін көрсетеді.»;

«Бағдарлама мониторингі» деген 7-бөлімде:

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Бағдарламаны іске асыру мониторингін Қаржы агенті жүзеге асырады, оның функцияларына мыналар жатады:

1) Банк/Даму Банкі ұсынатын деректер негізінде Борышкердің төлем тәртібінің мониторингі;

2) жобаның және/немесе Борышкердің Бағдарламаның шарттарына және/немесе Жұмыс тобының шешіміне сәйкестігі мониторингі;

3) сауықтыру жоспарының орындалу мониторингі.»; көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бірінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша кепілдік беру ережесінде: «Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі;»

«Кепілдіктер беру шарттары» деген 3-бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 5 . М ы н а д а й :

1) акцизделетін тауарларды шығаруды көздейтін Жобаларды іске асыруға бағытталған;

2) Даму Банкін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредиторы болып табылатын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне

енгізілген металлургия өнеркәсібінде жобаларды іске асыратын;

4) сыйақы ставкасы бюджеттік қаражат есебінен арзандатылған;

5) ұйымдардың үлестерін, акцияларын сатып алуға бағытталған кредиттер кепілдік беруге жатпайды.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Кепілдік беру Банктер/Даму Банкі жаңа жобаларды іске асыру үшін беретін жаңа кредиттер бойынша, сондай-ақ инвестицияларға, өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған іске асырылып жатқан жобалар бойынша ғана беріледі.

Мынадай:

1) бұрын алғынған кредиттерді қайта қаржыландыруға бағытталған;

2) сомасы жобаны (инвестициялық жобалар бойынша) іске асыру үшін жеткіліксіз (өзіндік қатысады есепке алғанда) кредиттер бойынша кепілдік беруге жол берілмейді.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің 20 млн. теңгеден аспайтын мөлшердегі кредиттеріне кепілдік беру мынадай шарттарда жүзеге асырылады:

1) кепілдік беру жүзеге асырылып жатқан кредиттің(-тердің) сомасы ісін жаңа бастаған бір кәсіпкер үшін 20 млн. теңгеден аспайды. Бұл ретте, кредиттің(-тердің) сомасы ісін жаңа бастаған бір кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың /компаниялардың кредиті (-тері) бойынша берешегі есепке алынбай есептеледі.

2) кепілдіктің ең жоғарғы мөлшері кредит сомасының 70 %-ынан аспайды, бұл ретте ісін жаңа бастаған кәсіпкер құны кредит сомасының кемінде 30 %-ы мөлшерінде кредит (кепіл) бойынша қамтамасыз ету үшін қызынады. Көрсетілген кредитті қамтамасыз ету құрамында басқа талаптарды қамтамасыз ету үшін тағы да бір кепіл нысаны болып табылатын мүлікті (мүлікті кейіннен кепілге беру) беруге жол берілмейді. Бұл ретте, Бағдарламаға қатысу үшін қамтамасыз ету мөлшерінің жеткілікті болуын есептегенде, болашақта кепілге қойылатын мүлік, талап ету құқығының кепілі, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің кепілі ескерілмейді.

3) кепілдік беру мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды.

100 % айналым қаражатын толықтыруға бағытталған кредитке кепілдік беруге жол беріледі (жалакы төлеу, салық және өзге де міндетті төлемдер, кредиттерге, қарыздарға немесе лизинг шарттарына және ісін жаңа бастаған кәсіпкердің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланыссыз өзге де мақсаттар бойынша ағымдағы төлемдер бойынша есеп айырысу жүргізуі қоспағанда). Осы кредиттер бойынша кепілдік беру мерзімі 3 (үш) жылдан аспайды.

Кепілдік берудің міндетті шарты Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің Бағдарламамен немесе «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасымен

көзделген оқыту жобалары шеңберінде оқытылуы болып табылады.

Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің мөлшері 20 млн. теңгеден асатын кредиттеріне кепілдік беру Қағидалардың осы бөлімінің 12 және 13-тармақтарында баяндалған шарттарда жүзеге асырылады.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Қаржы агенті төлеген Банк/Даму Банкі талаптарының көлемі Қаржы агентінің кепілдігі бойынша қалыптастырылған кредиттік қоржын көлемінің (берешек қалдығының) 8 (сегіз) %-нан жоғары шектен асқан кезде, одан әрі кепілдік беру тоқтатылады. Бұл ретте Банк/Даму Банкі Қаржы агентіне қойылған талап бойынша Банкке/Даму Банкіне Қаржы агенті төлеген қаражат сомасының 0,5 % -ы мөлшерінде комиссия төлейді.»

«Кепілдіктер беру үшін Бағдарламаға қатысуышылардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі» деген 4 - бөлімде:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Банк/Даму Банкінің ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес Банк/Даму Банкі кәсіпкердің өтінішін дербес қарайды, ол берген құжаттарды, кәсіпкердің қаржылық жағдайын талдайды, кәсіпкер ұсынған кепілдік мүлкін бағалау туралы қорытындының негізінде кәсіпкерді қамтамасыз етудің кепілдік құнына бағалау жүргізеді және қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда жобаны Қаржы агентінің ішінәра кепілдігі бойынша кредит беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін Банктің/Даму Банкінің ішкі кредит саясатын іске асыратын Жұмыс органының қарауына шығарады.».

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Қаржы агенті Банктен/Даму Банкінен құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде 60 млн. теңгеден аспайтын кредиттер бойынша және 15 (он бес) жұмыс күні ішінде 60 млн. теңгеден асатын кредиттер бойынша алынған құжаттарды қарайды және жобаны кепілдік беру/бермеу туралы шешім қабылдау үшін Қаржы агентінің уәкілетті органының қарауына шығарады. Қаржы агентінің кепілдігі бойынша алынған кредиттер бойынша кәсіпкердің және онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың жиынтық берешегі 60 млн. теңгеден асқан жағдайда, онда кейінгі жобаларды қарау 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырлады.

Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған және/немесе қосымша ақпарат беру қажет болған жағдайда анықталған ескертулерді және/немесе ақпарат беру туралы сұрауды Қаржы агенті 5 (бес) жұмыс күні ішінде жою және/немесе ақпарат ұсыну үшін Банкке/Даму Банкіне жолдайды. Бұл ретте, Қаржы агенті үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды қарау мерзімі қайтадан басталады.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Банктен/Даму банкінен хат алғаннан кейін кәсіпкер жергілікті деңгейдегі

Бағдарлама Үйлестірушісіне өтінішпен жүгінеді, оған мынадай құжаттарды қоса береді :

1) Кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көширмесі) ;

2) лицензия – егер қызмет түрі лицензияланатын болса (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көширмесі);

3) жарғы, құрылтай шарты (бір құрылтайшы болған жағдайда құрылтай құжаты талап етілмейді). Акционерлік қоғаммен шарт жасасқан кезде қосымша акциялар эмиссиясының проспектісі және акционерлер тізілімінен үзінді (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көширмесі) ұсынылады;

4) жүгінген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей берілген салық комитетінен бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы туралы анықтама ;

5) Кәсіпкердің соңғы салық декларациясының көширмесін қоса бере отырып, қаржы жылышындағы қаржы есептерінің көширмесі және/немесе оның басшысы растаған дебиторлық және кредиторлық берешекті (оның ішінде берешектің сомасы, пайда болған күні және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің атауы) толық жаза отырып, қаржы жағдайы туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін, интернет-ресурстарда орналастырылған ақпарат (занды тұлғалар үшін);

6) Банктің/Даму Банкінің кепілдік беру сомасының есебімен бірге кәсіпкерге кредит беру мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хаты;

7) Қаржы агентінің кәсіпкерге кепілдік беру мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хатының көширмесі (Банктің/Даму Банкінің мөрімен расталған);

8) Жобаны іске асырудың болжамды мерзімдерін, шарттарын қамтитын кәсіпкердің жобасын іске асырудың бизнес-жоспары.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Шығарылған кепілдік үшін төлеу мақсатында жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі кезекті жылдың басында кредиттерге кепілдік беру үшін бөлінген нысаналы трансферттің 50 %-ын Қаржы агентіне аударады.

Бюджеттік қаражаттың қалған бөлігі Қаржы агентіне кепілдік шарттарының жасалуына қарай Қаржы агентіне жылдың басында аударылған қаражаттың бірінші жартысы толық игерілгеннен кейін былайша аударылады:

1) Кепілдік шартын жасасқаннан кейін Қаржы агенті жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісіне тиісті хабарлама жолдайды;

2) жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі Қаржы агентінен Кепілдік шартын жасасу туралы хат алған сәттен бастап кепілдік беру сомасының 20 %-ы мөлшеріндегі қаражатты Қаржы агентінің ағымдағы шотына аударуды жүзеге асырады . » ;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«38. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі жобалар бойынша күжаттарды қабылдайды және оларды ӨҮК қарауына жасалатын кепілдік шарттары бойынша Қаржы агентіне төлеу үшін бөлінген бюджеттік қаражат шегінде

ғана

шығарады.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасының «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелін төмендету» үшінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъекттеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау ережесінде:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қаржы агентінің қызметтеріне Уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты

есебінен

төлейді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Субсидиялау нысанындағы қолдау шараларын қаржыландыру 013 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде өнірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер» республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

«Уәкілетті орган

«Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган

«Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі;»

мына:

«Жұмыс органдары

«Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлік Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс органдары

«Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі;»

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . М ы н а д а й :

1) акцизделетін тауарларды шығаруды көздейтін жобаларға берілген;
2) Даму Банкін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредиторы

болып

табылатын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілер тізбесіне

енгізілген, металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін кәсіпкерлердің;

4) тау-кен өндірісінде өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлердің кредиттері ;

5) сыйақы ставкасы бюджеттік қаражат есебінен арзандатылған кредиттер субсидиялауға жатпайды .»;

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің сомасы бір кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспауы тиіс және онымен ұлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті бойынша берешегі ескерілмей есептеледі.

750 млн. теңгеден 4,5 млрд. теңгеге дейінгі кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау қолданыстағыларға қатысты кемінде 10 % жаңа (тұрақты) жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырылады .

Бұл ретте, жаңа құрылған жұмыс орындарының 50 %-ын халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жастар үшін құру ұсынылады.

Кредиттер сомасы 1,5 млрд. теңгеден асатын жобалар бойынша индустріяландыру картасына енгізілген жобалар сыйақы ставкасын субсидиялауға жатады .

Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын валюталық кредиттер бойынша сомалар бір кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеге баламалы мөлшерден аспауы тиіс .

12. Қаржы лизингі шарттары бойынша субсидиялау мерзімі 10 (он) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейін құрайды. Егер жоба бойынша бірнеше Субсидиялау шарты жасалған жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі Қаржы агенті бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді .

Кәсіпкердің ағымдағы міндеттемелерін қайта қаржыландыру кезіндегі субсидиялау мерзімі Қаржы агенті қайта қаржыландыру жүзеге асырылған Лизингтік компанияда/кредитор Банкте бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді .

3 (үш) жыл өткеннен кейін Субсидиялау шартының қолдану мерзімін ұзарту ӨҮК мақұлдаған сәтте республикалық бюджеттен субсидиялауға арналған қаражат болған кезде ғана Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі хатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады. Хатқа кәсіпкерді субсидиялау мерзімін ұзарту туралы Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің шешімі қоса белгіленеді .» ;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысуышылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4 - бөлімде :

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Оң шешімі бар кәсіпкер жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Уйлестірушісіне кәсіпкердің өтініш-сауалнамасымен (Ынтымақтастық туралы келісімде көзделген нысан бойынша) қоса жүгінеді, оған мынадай құжаттарды қоса

б е р е д і :

1) кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі) ;

2) лицензия – егер қызмет түрі лицензияланатын болса (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі) ;

3) жарғы, құрылтай шарты (бір құрылтайшы болған жағдайда құрылтай құжаты талап етілмейді). Акционерлік қоғам қосымша акциялар эмиссиясын шығару проспектісін және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді (тіркеушінің мөрімен/қолымен расталған) ұсынады;

4) жүгінген күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген салық комитетінен бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы туралы анықтама ;

5) экспорт режимінде тауарлар/өнімдер шығаруды жүзеге асыратын кеден органдың белгісі бар жүк кеден декларациясы;

6) Қазақстан Республикасының кеден аумағында өткізу пунктінде орналасқан кеден органдың белгісі бар тауарды сүйемелдеу құжаттары;

7) соңғы есепті кезең ішінде валюта табысының тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттар ;

8) Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің Қаржы лизингі шартын жасау мүмкіндігі/кәсіпкердің Қаржы лизингі шарты бойынша сыйақы ставкаларын төмендету туралы оң шешімі бар хаты.» ;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

«21-1. ӨҮК жобаларды тиісті жылы субсидиялау үшін бюджеттік қаражат болған жағдайда ғана қарайды.» ;

22-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) талқылау нәтижелері бойынша кәсіпкерді субсидиялау мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды, ол ӨҮК отырысы өткізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді (Кәсіпкерді субсидиялау мүмкін еместігі туралы шешім болған жағдайда хаттамада кәсіпкерді Бағдарламаға қатыстырудан бас тарту себебі міндетті түрде көрсетілуі тиіс).

Бұл ретте, хаттамаға барлық ӨҮК мүшелері қол қойған сәтке дейін ӨҮК хатшысының және төрағасының қолымен ӨҮК хаттамасынан үзіндіні ұсынуға болады . » ;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі ӨҮК мүшелері хаттамаға/хаттамадан ұзіндіге қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке/Даму Банкіне және Қаржы агентіне ӨҮК хаттамасының/хаттамасынан үзіндінің көшірмесін жолдайды.

ӨҮК шешімін қолдану мерзімі – ӨҮК шешімінің күнінен бастап 6 (алты) ай.»;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:
26-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
« 2) Қаржы агенті :
улғі жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде; ерекше шарттары бар жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде жасайды.

Егер Банк/Даму Банкі осы Ереженің 30-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде Субсидиялау шартын уақтылы жасамаған жағдайда, онда Банк/Даму Банкі қаржы агенті мен Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестірушінің кідірту себептерін түсіндіре отырып, реңми хат арқылы хабардар етеді.

Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі ескертулдерді жойған жағдайда, Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің ескертулермен келіспеген жағдайда, Бағдарламаны үйлестіруші жобаны Жұмыс органдына келісуге жібереді.

Қаралу нәтижелері бойынша Жұмыс органды Кәсіпкерді Субсидиялау мүмкіндігі туралы шешімге келісім береді не субсидиялау туралы шешімнен бас тартады. Келісу нәтижелерін Қаржы агентіне тиісті хатпен жібереді (бұл ретте көшірмеде Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі және Кәсіпкер көрсетіледі).

Субсидиялау шарты оған кәсіпкер, Банк/Даму Банкі және Қаржы агенті қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте субсидиялау мерзімінің басталуы Субсидиялау шартында қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойған күнге дейін 30 күнтізбелік күнге дейін белгіленуі мүмкін.»;

27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«27. Сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін төлеу күнін Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі дербес айқындауды. Кредит бойынша сыйақыны есептеу Субсидиялау шартына кәсіпкер, Банк/Даму Банкі қол қойған күннен кейінгі күні басталған жағдайда, субсидиялау кезеңіне Субсидиялау шартына кәсіпкер, Банк/Даму Банкі қол қойған күн қосылмайды.»;:

28. Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойғаннан кейін субсидияларды

төлейді. Субсидиялар тиісті жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісінен қаражат болған кезде төленеді.»;

30 және 31-тармактар мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісі сыйақы ставкаларын субсидиялау үшін көзделген қаражат түсken сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне тиісті қаржы жылында Бағдарламаның үшінші бағытын іске асыруға бөлінген соманың 50 %-ы мөлшеріндегі қаражатты Қаржы агенті көрсеткен шотқа аударуды жүзеге асырады. Бұдан кейінгі төлемдер Қаржы агентінің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

31. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты Қаржы агенті Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа аударуды жүзеге асырады. Бұл ретте қаражатты аударғаннан кейін Қаржы агенті Банкке/Даму Банкіне хабарлама жолдайды. Хабарламада Банктің атауы, өнір, кәсіпкердің атауы, субсидиялар сомасы және төлем жүзеге асырылған кезең көрсетіледі.

Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің хабарламасы негізінде кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидиялар сомаларын Қаржы агентінің ағымдағы шотынан есептен шығаруды жүзеге асырады. Банктің/Даму Банкінің шоттағы қаражаттан жалпы ағымдағы қалдықтарды есептен шығаруға құқығы жоқ.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Банк/Даму Банкі қолданыстағы Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерткен жағдайда, Банк/Даму Банкі тиісті хатпен Бағдарлама Үйлестірушісін хабардар етеді, ол 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қолданыстағы қаржыландыру шарттарына жасалған өзгерістер бойынша шешім қабылдайды және жүргізілген қаржыландыру шарттарының өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте, хаттың көшірмесінде Қаржы агентін көрсетеді).

Бұл ретте, жүргізілген қаржыландыру шарттарының өзгерістері (келісуден бас тарту) келісу хатында айқын көрсетілуі тиіс.»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6 - б о л і м д е :

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. ӨҮК өткізілетін отырыс шеңберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады :

1) Қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселені қарайды ;

2) Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды .

Бұл ретте, шешімде субсидиялауды тоқтатудың/қалпына келтірудің негіздемесі көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 42-1-тармақпен толықтырылсын:
«42-1. Кәсіпкер субсидиялауды тоқтата түруға негіз болған себептерді ӨҮК отырысына дейін жойған жағдайда ӨҮК субсидиялауды қалпына келтіру туралы
о н ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы . » ;

44-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«44-1. Кәсіпкерді субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған кезде Қаржы агенті тиісті хатпен кәсіпкерге, Банкке/Даму Банкіне Субсидиялау шартын біржакты бұзу туралы хабарламаны жолдайды, онда Субсидиялау шартын бұзу күні мен бұзу себебін көрсетеді.

Кәсіпкерлерді субсидиялауды тоқтату туралы ӨҮК шешімі бар кредиттер қалпына келтіруге жатпайды. » ;

44-2, 44-3, 44-4-тармақтар алынып тасталсын;

48-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48-1. Кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау тоқтатылған, Кәсіпкердің кредиті бойынша негізгі борышын мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысулады салыстыру актісін Қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Бұл ретте, Банк/Даму Банкі салыстыру актісінде субсидияларды нақты есептен шығару сомалары мен күндерін көрсетеді, ал Қаржы агенті субсидияларды аудару сомалары мен күндерін көрсетеді.»;
аталған қаулыға 1-қосымшада:

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы үлгі шартында:

«Терминдер мен қысқартылған сөздер» деген 1-бөлімде:
мына:

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Өнерлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі;»

«Терминдер мен қысқартылған сөздер» деген 1-бөлімнен кейінгі бөлімдердің нөмірленуі 2 санынан басталсын;

«Шарттың нысаны» деген 1-бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қаржы агенті Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі Үйлестірушісінен қаражатты алғаннан кейін белгіленген тәртіппен ЖКС/Экспорттаушының кредиттері бойынша сыйақы ставкасының бір бөлігін субсидиялауды және ЖКС-нің ҮИИДМБ басымдықтарына сәйкес келетін, ӨҮК бекіткен кредиттеріне ішінара кепілдік беруді жүзеге асырады.»;

«Кепілдендіру үшін қаражат аудару тетігі» деген 3-бөлім мынадай

р е д а к ц и я д а

ЖАЗЫЛСЫН:

«Кепілдендіру үшін қаражат аудару тетігі»;

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Шығарылған кепілдіктер үшін төлеу мақсатында жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі кезекті жылдың басында кредиттерге кепілдік беру үшін бөлінген нысаналы трансфертердің 50 %-ын Қаржы агентіне аударады.

Нысаналы трансферттердің қалған бөлігі Қаржы агентіне Кепілдік шарттарының жасалуына қарай Қаржы агентіне жылдың басында аударылған қаражаттың бірінші жартысы толық игерілгеннен кейін былайша аударылады:

1) Қаржы агенті әрбір Кепілдік беру шартына қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісіне тиісті жазбаша хабарлама жолдайды;

2) жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі Қаржы агентінен хабарламаны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кепілдік беру шартында белгіленген әрбір берілген кепілдік сомасының 20 (жиырма) %-ы мөлшерінде Қаржы агентіне төлеуді жүргізеді.

17. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі мен Қаржы агенті арасында тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде есептелген қарожат пен кепілдік беру көлемдері бойынша Салыстыру актілеріне қол қойылады.»;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:
«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының бірінші бағытын іске асыру шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттеріне кепілдік беру жөніндегі цитымақтастық туралы үлгі көлісімде:

«Көлісім – шының» деген 2 болімде:

3-тармак мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Келісімге сәйкес Қаржы агенті осы Келісімде көзделген тәртіппен және шарттарда ӨҮК бекіткен, Банк пен Қаржы агенті макұлдаған ЖКС-тің экономиканың басым секторларындағы жобалары бойынша ЖКС-тің Банк алдындағы кредиттеріне кепілдік беруді жүзеге асырады».

«Тараптардың өзара іс-кимыл жасау тәртібі» деген 4-белімде:

4-тармак мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қаржы агенті Банктен/Даму Банкінен құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде 60 млн. теңгеден аспайтын кредиттер бойынша және 15 (он бес) жұмыс күні ішінде 60 млн. теңгеден асатын кредиттер бойынша алынған құжаттарды қарайды және жобаны кепілдік беру/бермеу туралы шешім қабылдау үшін Қаржы агентінің уәкілетті органының қарауына шығарады. Қаржы агентінің кепілдігі бойынша алынған кредиттер бойынша Кәсіпкердің және онымен аффилирленген тұлғалардың/компаниялардың жиынтық берешегі 60 млн

. тенгеден асқан жағдайда, онда кейінгі жобаларды қарау 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған және/немесе қосымша ақпарат беру қажет болған жағдайда анықталған ескертулерді және/немесе ақпарат беру туралы сұрау салуды Қаржы агенті 5 (бес) жұмыс күні ішінде жою және/немесе ақпарат ұсыну үшін Банкке/Даму Банкіне жолдайды. Бұл ретте, Қаржы агенті үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды қарау мерзімі қайтадан басталады.»;

«Тараптардың құқықтары мен міндеттері» деген 5-бөлімде:
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ЖКС Банктен хатты алғаннан кейін жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісіне мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді:

| № | Құжаттың атауы |
|----|--|
| 1. | ЖКС-ті мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анық ЖКС-тің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі). |
| 2. | Лицензия – егер қызмет түрі лицензияланатын болса (ЖКС-тің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі). |
| 3. | Жарғы, құрылтай шарты (бір құрылтайшы болған жағдайда құрылтай құжаты талап етілмейді). Акцион қоғамдар акциялар эмиссиясының проспектісі және акционерлер тізілімінен үзіндіні (ЖКС-тің мөрімен/қол расталған көшірмесі) ұсынады. |
| 4. | Өтініш берілетін күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген салық органынан бюджетенетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы/бары туралы анықтама. |
| 5. | Соңғы салық декларациясының көшірмесін қоса бере отырып, соңғы қаржы жылындағы ЖКС қаржы есептегі көшірмесі және/немесе оның басшысы растаған дебиторлық және кредиторлық берешекті (оның ішінше берешектің сомасы, пайда болған күні және тауарлар мен көрсетілтін қызметтердің атауы) толдық жаза от қаржы жағдайы туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін, интернет-ресурстарда орналастырылған ақпарат |
| 6. | Жобаны іске асырудың болжамды мерзімдерін, шарттарын қамтитын ЖКС Жобасын іске асыру бизнес-жоспары және жобаны іске асыру қағидалары (ЖКС-тің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі) |
| 7. | Банктің кепілдік беру сомасының есебімен бірге ЖКС-ке кредит беру мүмкіндігі туралы оң шешімі бар : түпнұсқасы) |
| 8. | Қаржы агенттің кепілдік беру мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хаты (Банктің мөрімен куәландырылған көшірмесі) |

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Келісімнің осы бөлімінің 12-тармағында көрсетілген барлық құжаттарды алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде және ұсынылған құжаттарға ескертулер болмаған жағдайда Қаржы агенті өз тарапынан, көрсетілген Келісімге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кепілдік беру шартының жобасын ресімдейді және оған қол қояды және оны Банкке жолдайды.

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Шығарылған кепілдіктер үшін төлеу мақсатында жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі кезекті жылдың басында кредиттерге кепілдік беру үшін бөлінген нысаналы трансфертердің 50 %-ын Қаржы агентіне аударады.

Нысаналы трансфертердің қалған бөлігі Қаржы агентіне Кепілдік беру

шарттарының жасалуына қарай Қаржы агентіне жылдың басында аударылған қаражаттың бірінші жартысы толық игерілгеннен кейін былайша аударылады:

1) Кепілдік беру шартын жасасқаннан кейін Қаржы агенті тиісті хабарламаны жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісіне жолдайды;

2) жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі Қаржы агентінен Кепілдік беру шартын жасасу туралы хатты алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кепілдік беру сомасының 20 %-ы мөлшеріндегі қаражатты Қаржы агентінің ағымдағы шотына аударуды жүзеге асырады.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі кредит сомасы 60 млн. теңгеден асатын жобалар бойынша құжаттарды қабылдайды және осы жобаларды ӨҮК қарауына жасалатын Кепілдік беру шарттары бойынша Қаржы агентіне төлеу үшін бөлінген бюджеттік қаражат шегінде ғана шығарады.»;

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қаржы агенті төлеген Банк талаптарының көлемі Қаржы агентінің кепілдігімен қалыптастырылған кредиттік қоржын көлемінің 8 (сегіз) %-ы шегінен асқан кезде ЖКС жобаларын қарады және кепілдіктер беру шарттарын жасауды

ТОҚТАТА ТҰРУ.»;

«Мониторинг» деген 6-бөлімде:

мынадай мазмұндағы 7-17-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Қаржы агенті жасаған мониторингілік есептерді Банк, ЖКС алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде келіседі және оған бұрыштама

КОЯДЫ.»;

көрсетілген Інтымақтастық туралы үлгі келісімге 4, 5 және 6-қосымшалар осы қаулыға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудың кейір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 наурыздары

№ 357 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бірінші бағыты шенберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қаржы лизинг шарттары бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау қағидаларында:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қаржы агентінің қызметтеріне Уәкілетті орган 004 «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шенберінде көрсететін оператор мен қаржылық агент көрсететін қызметтерді төлеу» республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен

төлейді.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

«Уәкілетті орган

«Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган

«Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі;

мына:

«Жұмыс орган

«Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлік Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс органды

«Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі;»;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . М ы н а д а й :

1) акцизделетін тауарларды шығаруды көздейтін жобаларды іске асыру үшін жасалған ;

2) Даму Банкінен басқа, Мемлекеттік даму институттары тікелей лизинг берушісі болып табылатын ;

3) өз қызметін тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асыратын кәсіпкерлердің;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілер тізбесіне енгізілген кәсіпкерлердің металургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін кәсіпкерлердің ;

5) сыйақы ставкасы бюджеттік қаражат есебінен арзандатылған қаржы лизингі шарттары субсидиялауға жатпайды.»;

15, 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Жаңа Қаржы лизингі шарттарына кәсіпкерлер Лизингтік компаниялармен/Банктермен/Даму Банкімен жаңа инвестициялық жобаларды, сондай-ақ экономиканың басым секторларында өндірісті жаңғыруға және кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыруға ӨҮК-ге жобаларды шығаруға дейін жыл ішінде бұрын жасалған Қаржы лизингі шарттары да жатады.

16. Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылып жатқан Қаржы лизингі шарттының сомасы бір кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспайды және онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың Қаржы лизингі шарты бойынша берешегі есепке алынбағы есептелеңді.

750 млн. теңгеден 4,5 млрд. теңгеге дейінгі кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау қолданыстағыларға қатысты кемінде 10 % жаңа (тұрақты) жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырылады .

Бұл ретте, жаңа құрылатын жұмыс орындарының 50 %-ын халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жастар үшін құру ұсынылады.

Кредиттер сомасы 1,5 млрд. теңгеден асатын жобалар бойынша индустрияландыру картасына енгізілген жобалар сыйақы ставкасын сұбсидиялауға жатады.

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Қаржы лизингі шарттары бойынша субсидиялау мерзімі 10 (он) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейін құрайды. Бір жоба бойынша бірнеше Субсидиялау шарты жасалатын жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі Қаржы агенті бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

Кәсіпкердің ағымдағы міндеттемелерін қайта қаржыландыру кезіндегі субсидиялау мерзімі Қаржы агенті қайта қаржыландыру жүзеге асырылған Лизингтік компанияда/кредитор Банкте бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

3 (үш) жыл өткеннен кейін Субсидиялау шартының қолданыс мерзімін ұзарту ӨҮК макұлдаған сәтте республикалық бюджеттен субсидиялауга арналған қаражат болған кезде ғана Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі хатының негізінде ӨҮК шешімімен макұлданады. Хатқа кәсіпкерді субсидиялау мерзімін ұзарту туралы Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің шешімі қоса беріледі.»;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысуышылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4 - бөлімде:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Оң шешімі бар кәсіпкер жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісіне кәсіпкердің өтініш-сауалнамасымен (Ынтымактастық туралы келісімде көзделген нысан бойынша) бірге жүгінеді, оған мынадай құжаттарды қоса береді:

1) кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік/занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі);

2) лицензия – егер қызмет түрі лицензияланатын болса (кәсіпкердің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі);

3) жарғы, құрылтай шарты (бір құрылтайшы болған жағдайда құрылтай құжаты талап етілмейді). Акционерлік қоғам қосымша акциялар шығару проспектісін және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді (тіркеушінің мөрімен/қолымен расталған) ұсынады;

4) жүгінген күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген салық комитетінен бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің

ж о қ т ы ғ ы

т у р а л ы

а н ы қ т а м а ;

5) Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің Қаржы лизингі шартын жасау мүмкіндігі/кәсіпкердің Қаржы лизингі шарты бойынша сыйақы ставкаларын төмендету туралы оң шешімі бар хаты .»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын: «26-1. ӨҮК жобаларды тиісті жылы субсидиялау үшін бюджеттік қаражат болған жағдайда ғана қарайды .»;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «28. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі ӨҮК мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне және Қаржы агентіне ӨҮК хаттамасының көшірмесін ж о л д а й д ы .

ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі ӨҮК шешімі қабылдаған күннен бастап 6 (а л т ы) ай . » ;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде: 31-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: « 2) Қаржы агенті :

үлгі жобалар бойынша Лизингтік компаниядан/Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде; айрықша шарттары бар жобалар бойынша Лизингтік компаниядан/Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ж а с а й д ы .

Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі осы Қағидалардың 31-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде Субсидиялау шартын уақытылы жасаспаған жағдайда, онда Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі кідіру себептерін түсіндіріп, Қаржы агенті мен Бағдарлама Үйлестірушісін ресми хат арқылы х а б а р д а р е т е д і . » ;

31-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «31-1. Қаржы лизингі шартының және/немесе Субсидиялау шартының талаптары ӨҮК шешіміне және/немесе Бағдарлама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қоймайды. Бұл ретте, Қаржы агенті Бағдарлама Үйлестірушісін, Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін және кәсіпкерді х а б а р д а р е т е д і .

Бағдарлама Үйлестірушісі, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі ескертулерді жойған жағдайда, Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің ескертулерімен келіспеген жағдайда, Бағдарлама Үйлестірушісі жобаны Жұмыс органына келісуге жолдайды.

Жұмыс органы қарау нәтижелері бойынша кәсіпкерді субсидиялау мүмкіндігі немесе субсидиялаудан бас тарту туралы шешімді келіседі. Келісу нәтижелерін тиісті хатпен Қаржы агентіне жолдайды (бұл ретте, көшірмеде жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісін, Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін және кәсіпкерді көрсетеді).»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Субсидиялау шарты оған Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі және Қаржы агенті қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте субсидиялау мерзімінің басталуы Субсидиялау шартында Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойған күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін белгіленуі мүмкін.»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойғаннан кейін субсидияларды төлейді. Субсидиялар тиісті жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісінен қаражат болған кезде төленеді.»;

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Жергілікті деңгейдегі бағдарлама үйлестірушісі Сыйақы ставкаларын субсидиялау үшін көзделген қаражат түскен сэттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне олардың арасында тиісті қаржы жылында жасалатын Бағдарлама шеңберінде субсидиялау және кепілдендіру туралы шартқа сәйкес Қаржы агенті көрсеткен шотқа қаражатты аударуды жүзеге асырады. Бұдан кейінгі төлемдер Қаржы агентінің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын б о л а д ы .

38. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды Қаржы агенті Төлем агенті-Банкте ашылған Лизингтік компанияның шотына/Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен жүзеге асырады. Бұл ретте қаражатты аударғаннан кейін Қаржы агенті Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне хабарлама жібереді. Хабарламада Лизингтік компанияның/Банктің атауы, өнір, кәсіпкердің атауы, субсидиялар сомасы және төлем жүзеге асырылатын кезең көрсетіледі.

Төлем агенті-Банк/Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің хабарламасы негізінде кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидиялау сомаларын Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан есептен шығаруды жүзеге асырады. Төлем агенті-Банктің/Банктің/Даму Банкінің шоттардағы қаражаттан жалпы ағымдағы қалдықтарды есептен шығаруға құқығы жоқ.»;

мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:

«40-1. Кәсіпкер субсидиялар сомасын дербес төлеген жағдайда, кейін Қаржы агенті қаражатты өтеген кезде Төлем агенті-Банк/Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің хабарламасы негізінде субсидиялардың тиісті сомасын есептен

ш ы ғ а р у д ы

ж ү р г і з е д і . » ;

41-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Кәсіпкердің қатарынан 2 (екі) және одан да көп рет Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы лизингтік төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерін орындамауы.»;

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі қолданыстағы Қаржы лизингі шартының талаптарын өзгертуен жағдайда, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі тиісті хатпен Бағдарлама Үйлестірушісін хабардар етеді, ол 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қолданыстағы қаржыландыру шарттарына өзгерістер бойынша шешім қабылдайды және жүргізілген қаржыландыру шарттарының өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте, хаттың көшірмесінде Қаржы агентін көрсетеді).

Бұл ретте, жүргізілген қаржыландыру шарттарының өзгерістері (келісуден бас тарту) келісу хатында айқын көрсетілуі тиіс.»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6 - б ө л і м д е :

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. ӨҮК өткізілетін отырыс шенберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге а с ы р а д ы :

1) Қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселені қ а р а й д ы ;

2) Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Бұл ретте, шешімде субсидиялауды тоқтатудың/қалпына келтірудің негіздемесі көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 49-1-тармақпен толықтырылсын:

«49-1. Кәсіпкер субсидиялауды тоқтата тұруға негіз болып табылған себептерді ӨҮК отырысына дейін жойған жағдайда ӨҮК субсидиялауды қалпына келтіру туралы оң шешім қабылдайды.»;

51-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51-2. Кәсіпкерді субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде Қаржы агенті тиісті хатпен кәсіпкерге, Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне Субсидиялау шартын біржақты бұзу туралы хабарламаны жолдайды, онда Субсидиялау шартын бұзу күні мен бұзу себебін көрсетеді.

Кәсіпкерлерді субсидиялауды тоқтату туралы ӨҮК шешімі бар лизингтік мәмілелер қалпына келтіруге жатпайды.»;

51-3, 51-4, 51-5-тармақтар алынып тасталсын;

54-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«54-1. Кәсіпкерге субсидиялау тоқтатылған, кәсіпкердің лизингі бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысулады салыстыру актін Қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Бұл ретте, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі салыстыру актіндегі субсидияларды нақты есептен шығару сомалары мен күндерін көрсетеді, ал Қаржы агенті субсидияларды аудару сомалары мен күндерін көрсетеді.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелін төмендету» үшінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау қағидаларында:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қаржы агентінің қызметтеріне Уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты есебінен төлейді.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі;»

мына:

«Жұмыс органдары «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлік Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс органдары «Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі;»;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . М ы н а д а й :

1) акцизделетін тауарларды шығаруды көздейтін Жобаларды іске асыру үшін жасалған ;

2) Даму Банкінен басқа, Мемлекеттік даму институттары тікелей лизинг берушісі болып табылатын ;

3) өз қызметін тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асыратын кәсіпкерлердің;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілер тізбесіне енгізілген металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін кәсіпкерлердің;

5) сыйақы ставкасы бюджеттік қаражат есебінен арзандатылған қаржы лизингі шарттары субсидиялауға жатпайды.»;

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылып жатқан Қаржы лизингі шартының сомасы бір кесіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспайды және онымен аффилиренген тұлғалардың/компаниялардың Қаржы лизингі шарты бойынша берешегі есепке алынбай есептеледі.

750 млн. теңгеден 4,5 млрд. теңгеге дейінгі кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау қолданыстағыларға қатысты кемінде 10 % жаңа (тұрақты) жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жаңа құрылған жұмыс орындарының 50 %-ын халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жастар үшін құру ұсынылады.

Кредиттер сомасы 1,5 млрд. теңгеден асатын жобалар бойынша индустрияландыру картасына енгізілген жобалар сыйақы ставкасын сұбсидиялауға жатады.

15. Қаржы лизингі шарттары бойынша субсидиялау мерзімі 10 (он) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейінгі мерзімді құрайды. Бір жоба бойынша бірнеше Субсидиялау шарты жасалған жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі Қаржы агенті бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

Кесіпкердің ағымдағы міндеттемелерін қайта қаржыландыру кезіндегі субсидиялау мерзімі Қаржы агенті қайта қаржыландыру жүзеге асырылған Лизингтік компанияда/кредитор Банкте бірінші Субсидиялау шартына қол қойған сәттен бастап белгіленеді.

3 (үш) жыл өткеннен кейін Субсидиялау шартының қолдану мерзімін ұзарту ӨҮК макұлдаған сәтте республикалық бюджеттен субсидиялауға арналған қаражат болған кезде ғана Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі хатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады. Хатқа кесіпкерді субсидиялау мерзімін ұзарту туралы Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің шешімі қоса беріледі. » ;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4 - бөлімде:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Оң шешімі бар кесіпкер жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісіне кесіпкердің өтініш-саул намасымен (Ынтымақтастық туралы келісімде көзделген нысан бойынша) бірге жүгінеді, оған мынадай құжаттарды қоса береді :

1) кесіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (Кесіпкердің мөрімен/қолымен расталған көшірмесі) ;

2) лицензия – егер қызмет түрі лицензияланатын болса (Кәсіпкердің мөрімен/ қолымен **расталған** көшірмесі);

3) жарғы, құрылтай шарты (бір құрылтайшы болған жағдайда құрылтай құжаты талап етілмейді). Акционерлік қоғам қосымша акциялар шығару проспектісін және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді (тіркеушінің мөрімен/қолымен **расталған**) ұсынады;

4) жүгінген күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген салық комитетінен бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы **туралы** анықтама;

5) экспорт режимінде тауарлар/өнімдер шығаруды жүзеге асыратын кеден органдының белгісі бар жүк кеден декларациясы;

6) Қазақстан Республикасының кеден аумағында өткізу пунктінде орналасқан кеден органдының белгісі бар тауарды сүйемелдеу құжаттары;

7) тауарлар/өнім өндірудің жалпы көлемін растаушы құжаттар, оның ішінде соңғы есепті кезең ішінде статистика органдарына ұсынылған құжаттар;

8) Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің Қаржы лизингі шартын жасау мүмкіндігі/ Кәсіпкердің Қаржы лизингі шарты бойынша сыйақы ставкаларын төмендету **туралы оң шешімі бар хаты.**»;

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:
«23-1. ӨҮК жобаларды тиісті жылы субсидиялау үшін бюджеттік қаражат болған **жағдайдаған** қарайды.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі ӨҮК мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Лизингтік компания/ Банк/Даму Банкіне және Қаржы агентіне ӨҮК хаттамасының көшірмесін жоладайды.

ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі ӨҮК шешім қабылдаған күннен бастап 6 (алты) **ая.**»;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

29 және 29-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Субсидиялау шарты оған Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі және Қаржы агенті қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте субсидиялау мерзімінің басталуы Субсидиялау шартында Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін белгіленуі мүмкін.

29-1. Қаржы лизингі шартының және/немесе Субсидиялау шартының талаптары ӨҮК шешіміне және/немесе Бағдарлама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қоймайды. Бұл ретте, Қаржы агенті Бағдарлама Үйлестірушісін, Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін

және

кәсіпкерді

хабардар

етеді.

Бағдарлама Үйлестірушісі, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі ескертулерді жойған жағдайда, Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің ескертулерімен келіспеген жағдайда, Бағдарлама Үйлестірушісі жобаны Жұмыс органына келісуге жолдайды.

Жұмыс органы қарау нәтижелері бойынша кәсіпкерді субсидиялау мүмкіндігі немесе субсидиялаудан бас тарту туралы шешімді келіседі. Келісу нәтижелерін тиісті хатпен Қаржы агентіне жолдайды (бұл ретте, көшірmede жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісін, Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін және кәсіпкерді көрсетеді).»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«31. Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қойғаннан кейін субсидияларды төлейді. Субсидиялар тиісті жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісінен қаражат болған кезде төленеді.»;

34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі сыйақы ставкаларын субсидиялау үшін көзделген қаражат түсken сәтten бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне олардың арасында тиісті қаржы жылында жасалатын Бағдарлама шенберінде субсидиялау және кепілдендіру туралы шартқа сәйкес Қаржы агенті көрсеткен шотқа қаражатты аударуды жүзеге асырады. Бұдан кейінгі төлемдер Қаржы агентінің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын б о л а д ы .

35. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды Қаржы агенті Төлем агенті-Банкте ашылған Лизингтік компанияның шотына/Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен жүзеге асырады. Бұл ретте қаражатты аударғаннан кейін Қаржы агенті Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне хабарлама жібереді. Хабарламада Лизингтік компанияның/Банктің атауы, өнір, кәсіпкердің атауы, субсидиялар сомасы және төлем жүзеге асырылатын кезең көрсетіледі.

Төлем агенті - Банк/Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің хабарламасы негізінде кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидиялау сомаларын Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан есептен шығаруды жүзеге асырады. Төлем агенті-Банктің/Банктің/Даму Банкінің шоттардағы қаражаттан жалпы ағымдағы қалдықтарды есептен шығаруға құқығы жоқ.»;

38-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Кәсіпкердің қатарынан 2 (екі) және одан да көп рет Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы лизингтік төлемдерді төлеу бойынша

міндеттемелерін

орында мауы.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі қолданыстағы Қаржы лизингі шартының талаптарын өзгерткен жағдайда, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі тиісті хатпен Бағдарлама Үйлестірушісін хабардар етеді, ол 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қолданыстағы қаржыландыру шарттарына өзгерістер бойынша шешім қабылдайды және жүргізілген қаржыландыру шарттарының өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте, хаттың көшірмесінде Қаржы агентін көрсетеді).

Бұл ретте, жүргізілген қаржыландыру шарттарының өзгерістері (келісуден бас тарту) келісу хатында айқын көрсетілуі тиіс.»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6 - бөлімде:

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. ӨҮК өткізілетін отырыс шенберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге асыраады:

1) Қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселені қаррайды;

2) Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте, шешімде Субсидиялауды тоқтатудың/қалпына келтірудің негіздемесі көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 46-1-тармақпен толықтырылсын:

«46-1. Кәсіпкер субсидиялауды тоқтата тұруға негіз болып табылған себептерді ӨҮК отырысына дейін жойған жағдайда ӨҮК субсидиялауды қалпына келтіру туралы оң шешім қабылдайды.»;

48-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48-2. Кәсіпкерді субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде Қаржы агенті тиісті хатпен кәсіпкерге, Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне Субсидиялау шартын біржақты бұзу туралы хабарламаны жолдайды, онда Субсидиялау шартын бұзу күні мен бұзу себебін көрсетеді.

Кәсіпкерлерді субсидиялауды тоқтату туралы ӨҮК шешімі бар лизингтік мәмілелер қалпына келтіруге жатпайды.»;

48-3, 48-4, 48-5-тармақтар алынып тасталсын;

51-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51-1. Кәсіпкерге субсидиялау тоқтатылған, кәсіпкердің лизингі бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысулады салыстыру актін Қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Бұл ретте, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі салыстыру актісінде субсидияларды нақты есептен шығару сомалары мен күндерін көрсетеді, ал Қаржы агенті субсидияларды аудару сомалары мен күндерін көрсетеді.».

4. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 541 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар

ұсыну

қағидаларында:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жеке кәсіпкерліктің ісін жаңа бастаған субъектілеріне, жас кәсіпкерлерге, әйелдер мен мүгедектерге (бұдан әрі – Кәсіпкерлер) мемлекеттік гранттар, бөлінген грантты мақсатыз пайдалану жағдайларын қоспағанда, Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз және қайтарусыз негізде бөлінеді. »;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Гранттарды ұсыну мақсаты Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруды жоспарлап отырған жеке кәсіпкерлерді қолдау болып табылады.»;

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар ұсыну тәртібі» деген 3-бөлімде:

«Гранттарды ұсыну тәртібінде»:

9-тармақ мынадай редакция жазылсын:

«9. Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторлары шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес конкурстық іріктеуге құжаттарды толық көлемде ұсынған кәсіпкерлер гранттар ұсынуға арналған конкурстық іріктеудің қатысушылары бола алады.»;

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Бизнес-жобаның міндепті шарттары кәсіпкердің іске асыру шығыстарын ұсынылатын Грант көлемінің кемінде 10 (он) %-ы мөлшерінде, оның ішінде жеке мүлкімен қоса қаржыландыруы болып табылады.».

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

31

желтоқсан дағы

№ 1596 қаулысына
1-қосымша

ЖКС сараптамасын жүргізу үшін Банктің Қаржы агентіне беретін күжаттарының тізбесі

1. Банктен сұратылатын жалпы күжаттар:

| № | Күжаттын атаяу | Нысаны |
|---|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Күжаттар тізбесіне ілеспе хат | Түпнұска |
| 2 | Күжаттар пакетінде бар күжаттардың барлығының тізімдемесі немесе күжаттарды қабылдау-тапсыру актісі | Банктің уәкілетті қызметкері қол қойған Банктің мөрімен/мөртабанымен растал түпнұска |
| 3 | Банктен кредит алуға өтінім | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұска салыстырып тексерген көшірме |
| 4 | Банктің уәкілетті органдының Қаржы агентінің Кепілдігімен кредит беру туралы шешімі, Банктің кредит, кепілдік әрі заң басқармаларының және тәуекелдер басқармасының сараптамалық қорытындылары | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұска салыстырып тексерген көшірме |
| 5 | Соңғы есепті күнгі ЖСК қаржылық күжаттары-балансы (кредиторлық және дебиторлық берешекті таратып жаза отырып, берешектің туындаған күнін, берешекті өтеудің жоспарлы күні мен нысанын көрсете отырып, негізгі құралдарды, ТМҚ таратып жаза отырып) соңғы 12 айдағы кірістер мен шығыстар туралы есеп (жеке тұлғалар үшін) | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұска салыстырып тексерген көшірме |
| 6 | Жыылдың басындағы және соңғы есепті күнгі ағымдағы жылдың басына және соңғы есепті күнге кредиторлық және дебиторлық берешектің таратылып жазылуын ұсина отырып, берешек туындаған күн, берешекті болжамды өтеу күні мен нысаны, негізгі құралдардың, ТМҚ ЖСК мөрімен расталған (занды тұлғалар үшін) таратылып жазылуы көрсетілген қаржылық есептілік (баланс, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп) | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұска салыстырып тексерген көшірме |
| 7 | Кірістер мен шығыстар туралы есептің баптарын таратып жазу - сатудың түсінен кіріс, өзіндік құн, кезең шығыстары, өзге де кірістер мен шығыстар, карастырылған кезеңдегі сатылған өнімнің ақшалай және заттай мәндегі көлемі | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұска салыстырып тексерген көшірме |
| 8 | Қызмет көрсететін банктің толық деректемелерін қоса алғанда, күжаттарды қарау сәтіндегі жағдай бойынша соңғы 12 айдағы ЖКС-нің қаржылық жағдайы туралы, несиелік берешектің, оның ішінде мерзімі өткен берешектің бар (жоқ) екендігі, сондай-ақ деректемелерін қоса алғанда мерзімінде төленбекен (№ 2 картотека) есеп күжаттары туралы анықтама | Түпнұска |
| | | |

| | | |
|----|--|---|
| 9 | Несиелік берешектің, оның ішінде мерзімі өткен берешектің бар екендігі туралы басқа қаржы ұйымдарының анықтамасы (банктерден басқа кредиттер бар болса) | Түпнұска |
| 10 | Салықтар мен бюджетке өзге де төлемдер бойынша берешектің жоқтығы (барлығы), міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар туралы анықтама | Түпнұска |
| 11 | Екінші деңгейдегі банктерде бар барлық шоттар туралы мәліметтер | Түпнұска |
| 12 | Лицензиялар, патенттер, квоталар және т.б. (егер өтініш берушінің қызмет түрі лицензияланатын жағдайда немесе қарызың қаражаты бағытталатын тауарлар мен қызметтердің жекелеген түрлерін өткізу лицензияланатын болса) | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұсқа салыстырып тексерген көшірме |
| 13 | Жобаны іске асыру жөніндегі құжаттар (бар болса) - келісімшарттар, сатып алу-сату шарттары, ниет шарттары, жұмыстарды жүргізуге, қызметтерді көрсетуге арналған шарттар, орындалған жұмыстар актілері, акы төлеуге арналған ш о т т а р және т.б.; - жоспарланатын жұмыстар бойынша смета, құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған тиісті рұқсат (егер кредит құрылыш, қайта жаңарту және т.с.с. саласында пайдалану үшін берілген жағдайда) және т.б.. - Банк шешім қабылдау үшін пайдаланатын кез келген басқа құжаттар | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұсқа салыстырып тексерген көшірме |
| 14 | Бизнес-жоспар | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұсқа салыстырып тексерген көшірме |
| 15 | Соңғы және ағымдағы жылы қолданыстағы және іске асырылып болған келісімшарттар (бар болса) | Көшірмелер |
| 16 | Кредиттік келісімдер (кредиттер болған кезде) | Көшірмелер |
| 17 | Банктің қарызың шартын жасасатын тұлғаның өкілеттіктерін, кепілі мен Банк атынан кепілдігін растаның құжаттар | Банктің мөрімен расталған көшірмелер (кепілдік шартын жасасқан сәтте ұсынуы мү) |
| 18 | «Бизнес-Кенесші»/«Бизнес-Кенесші-1» немесе «Жас кәсіпкер мектебі» (ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін) жобаларының шенберінде оқығаны туралы Қаржы агенті берген сертификат | Көшірме |

Ескертпе: 1)* 60 млн. теңгеден асатын кредиттер бойынша:

2) қаржылық есептің өту мерзімі Банк құжаттар пакетін ұсынған күнге 3 айдан аспауы тиіс.

2. ЖКС-ның құқықтық мәртебесі мен өкілеттігін айқындастырын, Банктен суратылатын құжаттар

2.1. Егер ЖКС дара кәсіпкер болған жағдайда:

| № | Кұжаттың атауы | Нысаны |
|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұсқа салыстырып тексерген көшірме |
| 2 | Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда - патент | Банктің уәкілетті тұлғасы түпнұсқа салыстырып тексерген көшірме |

| | | |
|---|--|---|
| 3 | Қолының және мөрінің бедері бар үлгілерімен құжат | нотариалды расталған көшірме |
| 4 | ЖКС-ның кредит бюросына ақпарат беруге және кредит есебін алуға келісімі | Түпнұсқа Қаржы агенттің атына ұсынылады |

2.2 Егер ЖКС Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болған жағдайда

| № | Құжаттың атауы | Нысаны |
|---|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Жарғы, оған өзгерістер мен толықтырулар | нотариалды расталған көшірме |
| 2 | Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені/қайта тіркелгені туралы күәлік | нотариалды расталған көшірме |
| 3 | Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің қуәлігі | нотариалды расталған көшірме |
| 3 | ЖКС үәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімі | Түпнұсқа не Банктің үәкілетті тұлғасы түпнұсқа салыстырып тексерген түпнұсқа немесе көшірм |
| 4 | ЖКС атынан Банкте және Қаржы агенттінде құжаттарға қол коюға үәкілеттік берілген адамның жеке басын куәландыратын құжат, сондай-ақ оның өкілеттігін растайтын құжаттар | Банктің үәкілетті тұлғасы түпнұсқамен салыстырып тексерген көшірме |
| 5 | Кепілдік тарту туралы шешім қабылдаған ЖКС үәкілетті органының шешімі | Қаржы агенті бекіткен нысан бойынша түпнұсқа |
| 6 | Кредит тарту туралы шешім қабылдаған ЖКС үәкілетті органының шешімі | Банк бекіткен нысан бойынша түпнұсқа |
| 7 | Бірінші басшы, бас бухгалтер қолдарының және ЖКС мөрі бедерлерінің үлгісі бар құжат | нотариалды расталған көшірме |
| 8 | ЖКС-нің кредит бюросына ақпарат беруге және кредит есебін алуға келісімі | Түпнұсқа Қаржы агенттің атына ұсынылады |

Қажет болған жағдайда Қаржы агенті жоба бойынша қосымша құжаттама мен ақпаратты сұрапта алады.

Бірнеше беттен тұратын құжатты ұсынған жағдайда мұндай құжат түптең тігілуі және нөмірленуі немесе құжаттың әрбір бетінде үәкілетті тұлғалардың қолымен және мөрімен/мөртабанымен бекітілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы
Үкіметтің
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1596 қаулысына
2-қосымша
Ынтымақтастық тұрали
Үлгі келісімге
5-қосымша

Алдын ала кепілдік хат

_____ жылғы «____» № _____ Маңғыстау облысы Жаңаозен қаласының жеке меншік кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне

кепілдік беру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру шеңберінде осы хатпен мынаны хабарлаймыз, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі — Қаржы агенті):
«_____» Жобасы бойынша Қаржы агентінің кепілдігін беру туралы
«_____» ДК/ЖШС/АҚ өтінімін қарады және мақұлдады.

Қаржы агенті _____: «_____» жобасы бойынша мынадай шарттармен «_____» ДК/ЖШС/АҚ үшін кепілдік беруге дайын:
- кепілдік сомасы: _____ (_____) теңге, бұл кредит сомасының % - ин құрайды;
кепілдік мерзімі: _____;
кепілдік берудің өзге де жағдайлары Келісім талаптарына сәйкес жасалуға тиіс Кепілдік шартымен реттеледі.

Осы алдын ала кепілдік хатының қолданылу мерзімі ол берілген күннен бастап _____ (_____) айды құрайды.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне ішінара кепілдіктер түріндегі мемлекеттік қолдау шарттарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда Қаржы агенті жоғарыда көрсетілген кепілдік беру шарттарын қайта қарауға және оларды толығынан немесе ішінара өзгертуге немесе жоюға құқылы, бұл туралы Банк Кепілдік шартына қол қойғанға дейін хабардар етілетін болады.

Құраметпен,

(лауазымы) (қолы, м.о.) (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1596 қаулысына

3-қосымша

Ынтымақтастық тұрақты

Ұлғи келісімге

6-қосымша

тұрақты

№ Кепілдік шарты

_____ қаласы 20__ жылғы «___»

Бұдан әрі «Кепілгер» деп аталатын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының атынан _____ негізінде әрекет ететін бір тараптан,

бұдан әрі «Банк» деп аталатын «_____» акционерлік қоғамының атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан және бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталатын, _____ атынан _____ (Қарыз алушының толық атауы) негізінде әрекет ететін _____ үшінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп, ал жеке-жеке Тарап деп не жоғарыда көрсетілгендей аталатындар

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20__ жылғы «___» № ____ қаулысын іске асыру шенберінде Кепілгер мен Банктің арасында жасалған Маңғыстау облысы Жанаөзен қаласының жеке меншік кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім шенберінде, төмендегілер туралы осы Кепілдік шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Анықтамалар

Кредит шарты - Қарыз алушы мен Банк арасында жасалатын қалпына келтірілетін/келтірілмейтін кредит желісін беру туралы Банктік қарыз шарты / келісімі ;

Кредит - Банк Кредит шартының талаптарымен Қарыз алушыға беретін қарыз ;

«Кредитті мақсатты пайдалану» - Қарыз алушының Кредит қаражатын Банкке растайтын құжаттарды бере отырып, Кредит шартында белгіленген мақсаттарға пайдалануы ;

Негізгі борыш - Қарыз алушының Кредит шарты бойынша міндеттемелерін орындауынан және/немесе тиісінше орындауынан туындаған, есептелген сыйақы сомасын, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын, өсімпұлды, айыппұл санкцияларын, борышты өндіріп алу бойыншасот шығындарын, Банктің басқа да шығындарын есепке алмағанда, Кредит шарты бойынша негізгі борыштың сомасы; Кепілдік — Кепілдік Сомасы шегінде осы Шарттан туындастын Кредит шарты бойынша Негізгі борыштың бір бөлігін төлеу бойынша Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуы үшін жауап беретін Кепілгердің Банк алдындағы міндеттесі ;

Кепілдік сомасы - шегінде Кепілгердің Кредит шарты бойынша Негізгі борыштың бір бөлігін төлеу бойынша Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуы үшін жауап беруге міндеттенетін осы Шартта белгіленген сома ;

Қамтамасыз ету - Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның

Қарыз алушының Кредит шарты бойынша беретін кез келген мүлкі және/немесе мүліктік құқығы, сондай-ақ Кепілдікті қоспағанда, Қарыз алушының Кредит шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін берілген кепілдіктер, кепілгерліктер;

Жұмыс күні - екінші деңгейдегі банктердің Қазақстан Республикасында өз қызметін жүзеге асыруы үшін ашық күн (сенбіні немесе жексенбіні немесе ресми мерекелер мен демалыс күндерін қоспағанда);

Қатысу мөлшері - Кепілдік Сомасының Негізгі борыш сомасына пайыздық мәндегі қатынасы.

2. Шарттың нысаны

1. Осы Шарттың талаптары бойынша Кепілгер Қарыз алушының Кепілгер мен Банктің арасында жасалған Кредит шарты бойынша Негізгі борыштың бір бөлігін төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауды үшін Банк алдында жауап беруге міндеттеме алады:

- 1) Кредит шартының атауы және нөмірі: _____;
 - 2) Кредит шартының жасалған күні: _____;
 - 3) Кредит сомасы: _____;
 - 4) Кредит бойынша сыйақы ставкасы: _____;
 - 5) Кредиттің мерзімі: _____;
 - 6) Кредиттің нысаналы бағыты: _____;

Кредит шартының көшірмесі Шартқа қоса беріледі (Шартқа № 1
к о с ы м ш а) .

Осы тармақтағы мәліметтер Кредит шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі.

2. Осы Шарт бойынша Кепілгердің Банк алдындағы міндеттемесі _____ (_____) теңге _____ тиын мөлшеріндегі Кепілдік сомасымен шектелген, бұл Негізгі борыш сомасының % -ын құрайды.

3. Кепілдік бойынша Кепілгер міндеттемелерінің мөлшері орындаған Талаптардың сомасына азайтылады.

4. Кепілгер берілген кепілдіктің бастапқы мөлшерін азайтуға
күкіс ғы жоқ.

Бұл ретте, кредит желісінің қайта басталмайтын лимиті бойынша Негізгі қарызды өтеген/ішінара өтеген кезде Кепілдік Сомасы өтелетін

Негізгі Қарыздың Қатысу үлесіне көбейтілген сомасына тең сомада азайтылады. Кредит желісінің қайта басталатын лимиті бойынша Кредит шартында көрсетілген қол жету кезеңі аяқталғаннан кейін жасалған Негізгі қарызды өтеу сомасына тең азайтылады.

5. Кепілдік Қарыз алушы Кредит шарты бойынша Негізгі қарыз сомасын қайтару міндеттемелерін орындалмаған жағдайда ғана орындалуы тиіс. Талапты қою және Кепілдікті орындау тәртібі осы Шартта б е л г і л е н е д і .

6. Осы Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы Банкке Кепілгерге, Қарыз алушыға, Кредит шарты мен оның орындалуына қатысты кез келген ақпаратты, оның ішінде Кредит бойынша өтелген сомалар туралы, Кредит шарты бойынша несиелік берешектің қалдығы туралы мәліметтерді, сондай-ақ банктік, коммерциялық және өзге де құпияны құрайтын өзге де мәліметтерді беру құқығын ұсынады;

7. Осы шартқа қол қоя отырып Қарыз алушы Кепілгердің Кепілгер акционері мен мемлекеттік органдарға мынадай мәліметтерді ұсынуына келісім береді: Қарыз алушының фирмалық атауы, Қарыз алушының «Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасына қатысуы, Кредиттің Сомасы мен мерзімі, Кепілдік Мерзімі, Кредит бойынша сыйақы ставкасы, Кепілдік бойынша комиссия мөлшері. Қарыз алушы, сондай-ақ, Кепілгерге осы тармақта көрсетілген мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Кепілгердің веб-сайтында жариялауға құқық б е р е д і .

8. Кредит шарты бойынша Қамтамасыз ету болып Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз Қарыз алушының міндеттемелерін және/немесе Шартт орындаудын Қамтамасыз ету ретінде Кредит шартында көрсетілмеген мүлік, құқық, кепілдік, кепілгерлік ретінде қатыса алмайды. Осы шартты орынданау Кепілдікті тоқтатуға алып келеді, ал Кепілгер Кепілдікті толығынан немесе ішінара орындалған жағдайда - Банктің міндеті Кепілдік бойынша алынған барлық соманы Кепілгерге Кепілгерден жазбаша талапты алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қайтару.

9. Қамтамасыз ету ретінде Кредит шарты бойынша қабылданған мүлік Кепілік шартының қолданылу мерзімі ішінде Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғалардың басқа да міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету ретінде қатыса алмайды (Кепілгермен жазбаша келісілген жағдайларды қоспағанда).

10. Қарыз алушы Кепілдік бергені үшін Кепілгерге Кепілдік мөлшерінен ____ % (пайыз) ставканы ескере отырып комиссия төлейді, бұл (жазбаша) теңгені құрайды.

11. Комиссияны Кепілгерге Қарыз алушы осы Шартта көрсетілген Кепілгердің шотына ақша аудару жолымен осы Шартқа қол қойылғанға дейін бір рет төлейді.

3. Талаптардың құқықтары мен міндеттері

1 . К е п і л г е р :

1) Осы Шарттың талаптары бойынша Банктің Талаптарын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Банкке төлем жүргізуге міндетті.

2 . К е п і л г е р :

1) Банктен және Қарыз алушыдан осы Шартта белгіленген міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2) Банктен Қарыз алушының Кредитті мақсатты пайдалануын бақылауды және Банк пен Қарыз алушының осы Шартты және/немесе Кредит шартын орындауын мониторингілеуді жүзеге асыру үшін қажетті толық және шынайы ақпаратты, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де қажетті ақпаратты, оның ішінде банктік және коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, Кепілгердің өкілдерінің Банкке баруы жолымен де ақпарат алуға;

3) Кредит шарты бойынша қаржыландырылған Жобаның іске асырылу барысын тексеру мақсатында Қарыз алушының Жобасы іске асырылып жатқан жерге баруды жүзеге асыруға;

4) Егер Банк Талапты осы Шарттың талаптарын бұза отырып қойған болса, Банкке жазбаша дәлелді жауап жіберу жолымен Талапты орындаудан бас тартуға;

5) Қарыз алушы беруі мүмкін, тіпті Қарыз алушы борышын таныған және/немесе Қарыз алушы Банкке қарсылығынан бас тартқан жағдайда да Банктің талаптарына қарсылық білдіруге;

6) Қарыз алушыдан және Банктен Кепілгердің сұранысын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Қарыз алушының Кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындауы, оның ішінде жасалған Кредит шарты талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы ақпарат беруді талап етуге;

7) Банктен (Кепілгер Кепілдік шарты бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда) Банктің Қарыз алушыға талаптарын растайтын құжаттар мен ақпаратты беруді және осы талаптарды қамтамасыз ететін құқықтарды Кепілгерге осы Шартта белгіленген көлемде беруді талап етуғе ;

8) Қарыз алушыдан (Кепілгер Кепілдік шарты бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда) Кепілгерге Кепілдік бойынша жүргізілген төлемдердің сомасын толық көлемде өтеуді, оның ішінде Банкке Кепілдік бойынша төленген сомаға сыйақы төлеуді және Қарыз алушы үшін жауапкершілікке байланысты келген өзге де зияндарды өтеуді талап етуге;

9) Қарыз алушының кез келген шоттарынан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы Шарт бойынша туындаған берешек сомасын акцептсіз тәртіппен алуға (есептен шығаруға);

10) Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

3. Қарыз алушы:

1) Кредитті оның Нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға;

2) Банктің және/немесе Кепілгердің бірінші талабы бойынша оның өкілдеріне Кредиттің мақсатты пайдалануын, оның қамтамасыз етілуін және Қарыз алушының қаржы-шаруашылық қызметін оның өндірістік (сауда) объектілерін тікелей қарау және/немесе Банкке және/немесе Кепілгерге қажетті шарттарда (мерзімі, көлемі) қаржы-шаруашылық қызметі туралы құжаттар мен ақпаратты тексеруге беру жолымен тексеруге мүмкіндік беруғе;

3) Дереу, алайда Кредит шартының талаптары бұзылған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей кез келген жағдайда Кепілгерді орын алған барлық бұзушылықтар туралы, оның ішінде Негізгі борышты және кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы сомасын төлеу (қайтару) мерзімі өткен туралы, сондай-ақ Қарыз алушының Кредит шарты бойынша өз міндеттерін орындауға әсер ететін басқа да барлық жағдайлар туралы жазбаша хабарлауға;

4) Банк Кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау туралы талап қойған жағдайда, өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін қалыптасып отырған жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шаралардың барін қабылдауға;

5) Кепілгер Кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Кепілгерге Кепілдік бойынша Кепілгер жүргізген төлемдер сомасын толық көлемде өтеуге, оның ішінде Банкке Кепілдік бойынша төлеген сомасына Кредит шартында көрсетілген ставка бойынша сыйақы төлеуге (Кепілгердің тиісті талабы болған жағдайда) және Кепілгердің талаптарында көрсетілген тәртіппен және мерзімде Кепілгердің Қарыз алушы үшін жауапкершілігіне байланысты келген өзге де зияндарын

ө т е у г е ;

6) Кепілгерден Кредит шарты бойынша міндettемелердің орындалуы, оның ішінде жасалған Кредит шарты талаптарының жол берілген бұзылуы туралы ақпаратты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Кепілгерге сұрауда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысандада беруге;

7) банктік деректемелері және (немесе) орналасқан жері өзгерген жағдайда 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Банкті және Кепілгерді хабардар етуге;

8) осы Шарт бойынша өзінің міндettемелерін орындаған және/немесе тиісінше орындаған жағдайда Кепілгердің алдында өзінің бүкіл мүлкімен жауапты болуға міндettі.

4 . Б а н к :

1) Кредит шартының талаптары өзгерген (Кепілгер жауапкершілігінің ұлғаюына немесе Кепілгер үшін өзге де қолайсыз салдарларға әкелетін) жағдайда дереу, алайда кез келген жағдайда Кредит шартына өзгерістер енгізілген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Кепілгерге бұл туралы жазбаша хабарлауға.

Кредит шартына Кепілгер жауапкершілігінің ұлғаюына немесе Кепілгер үшін өзге де қолайсыз салдарларға әкелетін өзгерістер енгізілген жағдайда Банк Кепілгерден осындай өзгерістердің бәріне алдын ала жазбаша келісімін алуға тиіс.

Шарттың осы тармағының екінші абзацында көрсетілген өзгерістер Кредит шартына Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз енгізілген жағдайда, Кепілдік тоқтатылады;

2) Кепілгерден Кредит шарты бойынша міндettемелердің орындалуы, оның ішінде жасалған Кредит шарты талаптарының бұзылуына жол берілгені туралы жазбаша сұрау алған жағдайда, оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Кепілгерге сұрауда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысандада ұсынуға;

3) Қарыз алушының Кредит шарты бойынша өз міндettемелерін толық көлемде (оның ішінде міндettемелерін мерзімінен бұрын орындаған жағдайда) орындағаны туралы 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Кепілгерді жазбаша хабардар етуге;

4) осы Шартта белгіленген жағдайларда Кепілгерге осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақшаны қайтаруды жүзеге асыруға;

5) Кепілгер Кепілдік бойынша міндettемелерді орындаған жағдайда 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Кепілгерге Банктің Қарыз алушыға Талап ету құқықтарын растайтын құжаттар мен ақпаратты

беруге және осы талаптарды қамтамасыз ететін құқықтарды Кепілгерге осы Шартта белгіленген көлемде беруге. Банктің құжаттары Кепілгерге түпнұсқада беріледі, ал мұны жасау мүмкін болмаған жағдайда - нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде беріледі. Құжаттарды Банктен Кепілгерге беру құжаттарды қабылдау-тапсыру актілерін жасау арқылы жүзеге асырылады;

6) Кепілгерге Кредит берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Қарыз алушының Кредит сомасын іс жүзінде алғанын растайтын құжаттың кешірмесін беруге. Егер Кредит Қарыз алушыға қалпына келтірілетін/қалпына келтірілмейтін кредит желісі нысанында берілген жағдайда, Банк Кепілгерге тиісті транш берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Қарыз алушының қалпына келтірілетін/қалпына келтірілмейтін кредит желісі шеңберінде әрбір траншты алғанын растайтын Банктің мөрімен расталған құжаттың көшірмесін беруге;

7) Кепілгердің Кепілдікті орындау нәтижесінде алған құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;

8) Қарыз алушының Кредит сомасын іс жүзінде алған күннен бастап _____ (____) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Қарыз алушының Кредитті Мақсатты пайдалануын растайтын құжаттарды Кепілгерге беруге. Егер Кредит Қарыз алушыға қалпына келтірілетін/қалпына келтірілмейтін кредит желісі нысанында берілген жағдайда Банк Кепілгерге тиісті транш берілген күннен бастап _____ (____) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Қарыз алушының қалпына келтірілетін/қалпына келтірілмейтін кредит желісі шеңберінде әрбір траншты алғанын растайтын құжаттарды беруге;

9) осы Шартта белгіленген өзге де міндеттемелерді тиісінше орындауға міндетті.

5 . Банк :

1) Қарыз алушы Кредит шарты бойынша Негізгі борышты төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған (тиісінше орындамаған) жағдайда Кепілгерге осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде Талап қоюға ;

2) Кепілгерден және Қарыз алушыдан осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы.

6. Осы Шартты орындаған кезде Банктің кепілгер алдындағы өз міндеттемелерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің дағдарысықа қарсы бағдарламасын іске асыру шеңберінде кепілгер Банкке орналастырған қаражат есебінен төмендетуге құқығы жоқ.

4. Кепілдікті орындау тәртібі

2. Қарыз алушы Кредит шарты бойынша Негізгі борыш сомасын өтеп жөніндегі міндеттемелерді орындаған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде Банк Қарыз алушыдан және Қамтамасыз етуді берген тұлғалардан мерзімі еткен берешекті алу мақсатында ақылға қонымды және қалыптасып отырған жағдайда барлық қолжетімді шараларды қабылдауға құқылы (оның ішінде өндіріп алуды Қамтамасыз етуге айналдыру, банктік кепілдік, үшінші тұлғалардың кепілдіктер/кепілгерліктері (Кепілдікті қоспағанда) бойынша талаптар қою, Қарыз алушының шоттарына төлем талап-тапсырмалар қою және т.б. ж о л м е н) .

3. Берешекті өндіріп алу жөнінде қабылданған шаралардың нәтижесінде Банк Қарыз алушыдан алған сомалар Кепілгерге Талап қойылғанға дейін төмендегідей кезектілікпен Қарыз алушының берешегін өтеді : жіберіледі :

- 1) Кредит шарты бойынша сыйақыны және тұрақсыздық айыбын өтеу;
 - 2) Кредит шарты бойынша мерзімі өткен Негізгі борышты өтеу;
 - 3) Кредит шарты бойынша Негізгі борышты өтеу;
 - 4) Кредит шарты бойынша өзге де берешектерді өтеу.

Қарыз алушының берешегін өтеуді Банк ақшаны алған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізуі тиіс. Бұл ретте Кепілдік Сомасы Негізгі борышты өтеудің Қатысу мөлшеріне көбейтілген сомасына (оның ішінде мерзімі өткен) тең сомаға азаяды.

4. Қарыз алушы Кредит шарты бойынша Негізгі борыштың сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған/тиісінше орындаған күннен бастап Кредит шарты бойынша Негізгі борыштың сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді 90 (тоқсан) күн ішінде орындаған жағдайда Банк Кепілгерге талап қоюға құқылы.

5. Талапта мыналар көрсетілуге тиіс;

- 1) Кепілдік шартының деректемелері;

- 2) Кредит шартының деректемелері;
- 3) Қарыз алушының атауы;
- 4) Кепілгердің Кепілдік бойынша төлемінің есептеулері;
- 5) ақша қаражаты есепке алынуға жатқызылатын Банк шотының деректемелері.

6 . Т а л а п қ а :

1) Қарыз алушының Банк алдындағы берешегінің бар екендігі туралы анықтама ;

2) Қарыз алушының Банк алдындағы берешегін (бар болса) растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) Банктің Қарыз алушыға жолдаған талабының (қарсылығы) көшірмесі ;

4) Қарыз алушының Банктің талабына (шағымына) жауабының көшірмесі (бар болса) ;

5) Банктің Кредит шарты бойынша берешекті өндіріп алу жөніндегі қолданған шаралары және растайтын құжаттарды қоса бере отырып (бар болса), қабылданған шаралардың нәтижесінде алынған сомалар туралы ақпарат ;

6) берешекті өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмелері (болған жағдайда) ,

7) орындау парақтарының көшірмелері (болған жағдайда),

8) Кредит шартына қосымша келісімдер көшірмелері (болған жағдайда) ,

9) Қарыз алушының Банк алдындағы берешегін растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері (болған жағдайда) қоса беріледі.

7. Талапта көрсетілген сома Кепілдік шартының талаптарына сәйкес болуы тиіс, алайда ол кез келген жағдайда осы Шарттың 2.2-тармағында белгіленген Кепілдіктің шекті Сомасынан аспауы тиіс.

8. Банк Талапты Кепілгерге осы Шартта көрсетілген мекенжай бойынша тапсырысты хат жіберу жолымен жібереді немесе қолма-қол береуді .

9. Кепілгерге Талапты ағымдағы жұмыс күні Алматы уақыты бойынша 16.00-ге дейін қоюға болады. Алматы уақыты бойынша сағат 16-00-ден кейін қойылған Талап келесі Жұмыс күні қойылған деп саналады.

10. Банктің Талабын алғаннан кейін, алайда кез келген жағдайда, ол қанағаттандырылғанға дейін Кепілгер Қарыз алушыны Банк қойған Талаптар туралы осы Шартта көрсетілген қарыз алушының мекенжайы бойынша тапсырысты хатпен хабар жіберу жолымен немесе Қарыз алушының қолын қойғызып қолма-қол беру жолымен жазбаша нысанда хабардар етеді.

Хабарлама тапсырысты хатпен жіберілген кезде почта мекемесі берген құжатта көрсетілген күннен кейін 3 (үшінші) күні хабарлама алынды деп саналады.

11. Кепілгер Банктің Талаптарын және осы Шартта көзделген барлық құжаттарды алған сәттен бастап, сондай-ақ Талаптарға және ұсынылған құжаттарға қарсылығы болмаған кезде 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Талапта көрсетілген сомалар мөлшерінде төлем жүргізеді не Банкке барлық қарсылықтарын көрсетіп хат жібереді.

12. Кепілдік бойынша міндеттемесін орындаған Кепілгерге Кредит шарты бойынша Банктің барлық құқықтары және Банкке қамтамасыз ету шарттары бойынша кепіл ұстаушы ретінде тиесілі құқықтары Кепілгер Банктің Талаптарын қанағаттандыру көлемінде етеді. Кепілгер Талапты орындағаннан кейін Банк Кепілгерге 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдау-тапсыру актісі бойынша келесі құжаттарды беруге міндетті:

1) қосымша келісімдерімен бірге Кредит шартының түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі;

2) қосымша келісімдерімен бірге қамтамасыз ету шарттарының түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмелері;

3) Кепілгердің талабы бойынша Кепілгердің құқығын растайтын өзге де құжаттар.

13. Кепілгер Кепілдік бойынша міндеттемелерді орындағаннан кейін Банк Қарыз алушыдан өндіріп алу бойынша шараптардың, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру жолымен алған барлық сомалар Кепілгер мен Банк арасында мынадай кезектілікпен бөлінеді:

1) Кредит шарты бойынша Банктің алдында сыйақылар мен тұрақсыздық айыбын өтеу;

2) Қарыз алушының Банк алдындағы Негізгі борышы қалдығының сомасын өтеу;

3) Қарыз алушының Кепілгердің алдындағы берешекті өтеуі;

4) Қарыз алушының Банк алдындағы Кредит шарты бойынша өзге де берешектерін өтеу.

Бұл ретте, аақшаны бөлу оны Банк алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізуі тиіс.

5. Кепілдіктің қолданылу мерзімі

1. Кепілдік _ жылғы « » қоса алғанға дейінгі мерзімге беріледі.

5.2. Мынадай мән-жайлардың кез келгені басталған кезде Кепілдіктің қолданысы тоқтатылады:

- 1) Кредит шарты бойынша Кепілдікпен қамтамасыз етілген Негізгі борыштың сомасын толық өтеді;
- 2) осы Шартта көрсетілген Кепілдік мерзімі өткен соң;
- 3) егер Кепілгер жаңа борышкер үшін жауапты болуға келісімін бермесе, Кредит шартының Кепілдікпен қамтамасыз етілуі бойынша борыштың басқа тұлғаға аудиесу;
- 4) егер Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемелердің орындалу мерзімі басталғаннан кейін Банк Қарыз алушы немесе Кепілгер ұсынған тиісінше орындауды қабылдаудан бас тартса;
- 5) Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз Кредит шартының кез келген талаптарының Кепілгер үшін жауапкершілікті ұлғайтуға немесе басқа да қолайсыз салдарларға әкеleiп соғатын өзгеруі;
- 6) шынайы емес мәліметтер (ақпарат) және/немесе құжаттардың берілуі Қарыз алушының тарапынан алаяқтық әрекеттерден туындаған жағдайларды қоспағанда, Банктің Кепілгерге шынайы емес мәліметтер (ақпарат) және/немесе Кепілгердің Кепілдік беру туралы шешім қабылдауды үшін қажетті құжаттар берген жағдайда;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Келісімде және/немесе осы Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша.

6. Жауапкершілік

1. Кепілгер Банкке Талапта көрсетілген соманы уақтылы төлемеген жағдайда, Кепілгер Банкке мерзімі өткен әрбір күн үшін уақтылы төленбеген соманың 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.
2. Банк Кепілгерге осы Шарттың талаптарына сәйкес Кепілгерге тиесілі кез келген соманы уақтылы қайтармаған жағдайда Банк Кепілгерге мерзімі өткен әр күн үшін уақтылы төленбеген соманың 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.
3. Банк осы Шарттың 3.4.1., 3.4.2., 3.4.3., 3.4.5., 3.4.6., 3.4.8-тармақтарында белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Банк Кепілгерге мерзімі өткен әр күн үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.
4. Қарыз алушы осы Шарттың 3.3.3., 3.3.5., 3.3.6., 3.3.7-тармақтарында белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда,

Қарыз алушы Кепілгерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл)

төлеуді.

5. Тұрақсыздық айыбын төлеу талабы кінәлі Тарап құқығын бұзған Тараптың құқығы болып табылады. Тұрақсыздық айыбын төлеу кінәлі Тарапты осы Шарттың талаптарын тиісінше орындаудан босатпайды.

7. Қорытынды ережелер

1. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда ресімделуі, Тараптардың үәкілетті өкілдерінің қолдары қойылуы және Тараптардың мөрлерінің бедерлерімен бекітілуі тиіс.

2. Осы Шартты өзгертуге, бұзуға және орындауға байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер және талқылаулар жолымен шешетін болады, егер келіссөздер нәтижесінде Тараптар келісімге келмеген жағдайда, онда мұндай дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сот тәртібімен қаралатын болады.

3. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар үш дана да жасалды.

4. Осы Шартта көзделмеген өзге жағдайлардың бәрінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

5. Кредит шартының көшірмесі осы Шартқа № 1 қосымша болып табылады.

6. Тараптардың келісімі бойынга Кепілгер осы Шарт бойынша өз міндеттемелеріне Кепілгердің жеке қаражаты/мүлкі шегінде ғана жауап береді, оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын бекіту туралы» 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1039 және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономикасы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары туралы» 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулылары шеңберінде іске асырылатын дағдарысқа қарсы бағдарламаларды іске асыру үшін Кепілгерге берілген қаражат қосылмайды.

8. Тараптардың орналасқан жері, деректемелері және қолдары

| | | |
|-----------------|-----------------|-----------------|
| Қарыз алушы: | Кепілгер: | Банк: |
| _____ / _____ / | _____ / _____ / | _____ / _____ / |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК